

● РЕФЕРЕНДУМ – 2024

Тарихи таңдау – халық талғамында

АЭС салу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. 6 қазанда осы орайда референдум өтеді.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров алдағы референдумда «Сіз Қазақстанда АЭС салуға келісесіз бе?» деген бір ғана сұрақ қойылатынын атап айтты.

Ал, Орталық сайлау комиссиясы мүшесі Сәбила Мұстафина референдум өткізуге 15,5 млрд теңге қажет екенін мәлімдеді.

– Референдум туралы заңның 20-бабына сәйкес, біз орталық референдум комиссиясы Үкіметке шығын сметасын жобасын дайындап жібереміз. Бүгін танертең оны істедік. Орталық комиссияның дайындаған сметасында шығыстардың жалпы сомасы – 15,5 млрд теңге, – деді Сәбила Мұстафина.

Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров тізімге енгізілген қазақстандықтардың жартысынан астамы қатысқан жағдайда тиісті референдум өткізілді деп есептелетінін жеткізді.

«Нақты саны әлі белгісіз. Тиісті дерек дауыс беруге 20 күн қалғанда белгілі болады», – деді Константин Петров.

АЭС құрылысы бойынша референдумға қойылған мәселеде нақты шешім дауыс бергендердің 50 пайыздан астамы оң жауап берген жағдайда қабылданады.

Өз тілшімізден

● БҮГІН – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

Тіл үшін күрес – ең ұлы күрес

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Тілім менің – тірлігімнің айғағы...» Тірлік үшін күрес үздіксіз жүреді. Саналы ұлт сол жолда жанын пида етеді. Ана тілі үшін күрестің қандай болатынын басқасы басқа, қазақ жақсы біледі. Қайран бабалар, шөкпен оқтын бәрінен аманатқа қиянат жасамай аман өтті. Аманатты егемен ұрпаққа табыстады. Жас буынға да оңай соғып тұрған жоқ. Жат тілдің сіңіп кеткенін айтпағанда, күрт үдеген әлемдік ақпарат ағынының өзі әуреке салып тұр. Экрандар мен смартфондарда жарқ-жүркі етеді. Сақ-сақ күліп, жас өреннің көзін алай-дүлей жаһанға арбайды. Даурыққан жарнама заманы. Мұның бәрі әлбетте ана тілге деген махаббат пен құрметке әсер етпей қоймайды.

➤ 4-бет



Коллажды жасаған А.Рухаманов

● ӨЗЕКТІ

АЭС керек. Бірақ...

Бойларын бір-біріне деген мейіріммен жылытып, қазанын қара қимен қайнатқан қазақ баласы атомға тосырқай қарайды. Заңдылық!

Иә, қазіргі қоғамның бойы мұздап тұр. Адамдарда мейірім сарқылған. Елшімге жылу сыйлай алмаймыз. Қара қи жағып, қазан қайнатайық десек, қағаздағы есепке еніп, несіне қыруар субсидия алып беріп жүрген Шопан ата түлігі қорамызда жоқ. Амалсыз энергия көзіне жүгінеміз. Оның да шегі бар екен. Атом саласының мамандары «2030-2040 жылдары Әлем энергия тапшылығымен бетпе-бет келеді» деп дабыл қағуда. Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау, атмосфераға бөлінетін зиянды қалдықтарды шектеу жөніндегі «Париж келісімі» бойынша 2026 жылы трансшекаралық көміртегі салығы енгізіледі. Енді не істемек керек? Амал жоқ, атом энергиясына жүгінеміз-ау...

Ерсін МҰСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

АЭС құрылысын қолдайсыз ба?

Қоғамдық пікір қалыптастырушы ортаның өкілі болғандықтан ба, осы сұрақ маған жиі қойылады. Алғашында қасқайып тұрып: «Қарсымын!» деуші едім. Кейіннен райымнан қайттым.

Дегенмен, 40 жыл бойы Семей аймағындағы ядролық қару сынағынан орасан зардап шеккен қазақстандық қоғам «аузы күйген үрлеп ішедінің» көбін киіп отыр. Бұл мәселеге асқан жауапкершілікпен қарап, жігі назар аударып отырғанды да сондықтан.

Мектепте физика пәнін өте жақсы оқып, аудандық, облыстық олимпиадаларда алдыма қара салмай, республикалық білім бөйгесінде жүлдегер атанғаным бар. Радиоактивтілік пен атом құрылысы ілімінің негізін қалаған атом физикасының атасы Эрнест Резерфордтың атом ядросын түрлендіру туралы теориясын қайталай шолып шықтым. Резерфорд ілімін жалғастырушы ғалымдар атомды түрлендіру ісін терең зерттеп, сутегі ядросын оттегі ядросына айналдырған ағылшын физигі ойлап тапқан протон, нейтрондарды мүлде қауіпсіз қылатын жаңалық ашты ма екен деп аландадым. Сөйтіп, қазақстандық қоғам АЭС туралы қызу пікірталасқа кірген сәтте мен де атом энергетикасы туралы әдебиеттер мен ақпараттарды жастанып жатып оқуға кірістім.

Ғылыми тұжырым мен ақпараттар не дейді?

Мамандар атом электр станциялары арқылы электр энергиясын өндіру көмір және газдан қуат алатын жылу электр станцияларына қарағанда әлдеқайда арзан


екенін айтады. Әсіресе, жақын болашақта болжанып отырған энергетикалық дағдарыс кезінде қуат тапшылығы экономиканың барлық саласын құлдырауға алып келуі мүмкін. Өйткені, тұтас әлемді энергетикалық дағдарысқа алып келе жатқан факторлар – экономикалық өсім мен технологияның қарқынды дамуы.

Барлық сала технологиялық игілікке тәуелді болған сайын, электр энергиясын тұтыну көлемі артады. Сәйкесінше, шығын көбейеді. Өз салама қатысты бір ғана мысал келтірейін. Бұрын газет редакцияларындағы машбюрода 4-5 қана басу машинкасы болатын. Оның өзі – механикалық. Яғни, электр қуатын қажет етпейді. Қазір ше? Қызметкердің әрқайсысында – бір компьютер, бір принтер. Энергия тұтынуға деген бұл «тәбет» тапшылыққа ұрындырмай қоймайды. Ал, тапшылық жақсылыққа әкелмейді. Қайтадан майшамға қарап қалмас үшін бізге АЭС керек-ау деген ойға келе бастадым.

Бұл мәселеге кеше ғана өз Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше тоқталып, АЭС құрылысы бойынша Жалпыұлттық референдум өткізу жөніндегі шешімін де жариялады. Таңдау – халықтың талғам таразысында. Дегенмен, қоғамдық пікірдің қажарылып тұрғанын ескеріп, референдумда таңдау жасайтын халықты толыққанды ақпаратпен қамтамасыз етуге тиіспіз. Олай болмаған жағдайда қоғамда «ақпараттық вакуум» қалыптасып, қарапайым халық біржақты пікірдің жетегінде кетуі әбден ықтимал.

Ол ақпаратта не қамтылуы керек?

Ел арасында радиофобиялық көзқарас қалыптасқан. Қазақы тілмен айтқанда – үрей, күдік, күмән... Осыларды сөйліту үшін АЭС-тің тиімділігі, энергетикалық



Сурет ашық деректен

тапшылық салдарынан күтілетін сан салалы дағдарыс туралы, заманауи атом реакторларының қауіпсіздік деңгейі жайында толыққанды ақпараттар таратуымыз керек. Өкінішке орай, бізде «ақпараттық аштық» бел алып тұр. Сол себепті халықтың басым бөлігі АЭС құрылысына ашық қарсылық танытуда. Бәрінің айтатыны – Чернобыль (1986 ж.) мен Фукусима (2011 ж.) апаттары. Әрине, түсінуге тиіспіз. Жарты ғасырға жуық Семей сынақ алаңындағы жарылыстар зардабын қалай ұмытайық?! Ал, атом саласының мамандары қазіргі атом реакторларының қауіпсіздікке толық жауап бере алатын пассивті қорғаныс тетіктері бар екенін алға тартады.

Қалай болғанда да, біз АЭС қажеттілігін түсінуге тиіспіз. Олай болмаған жағдайда, біз уранның шикізат базасы күйінде қалып, электр қуатын Ресейден импорттап отыра береміз. Ал, Ресейдің бағасы мен электр қуатын өндіру көлемінің тұрақтылығына кім кепіл?

Аллаға шүкір, Қазақстан – уранға өте бай ел. Біз уран өндірісі бойынша әлемде

бірінші орында, ал уран қоры бойынша екінші орындамыз. Олай болса, Қазақстанда АЭС үшін шикізат тапшылығы болмайды. Оның үстіне уранның қуат өндіру тиімділігі де зор. Мысалы, 1 кг көмірден 7 кВт/сағ энергия өндірілсе, 1 кг газдың қуат көзі 14 кВт/сағатқа тең екен. Ал, 1 кг ураннан 620 000 кВт/сағ энергия алуға мүмкіндік бар. Мұның барлығы – дәлелденген статистика. Яғни, энергия тиімділігі жағынан уран көмірге қарағанда 90 000 есе, газға қарағанда 45 000 есе артық қуат береді. Қарабайыр есепке жүгінсек, 1 кг уранның бағасы – 65 долларға тең екен де, сол 1 кг уранның беретін энергиясын өндіру үшін 151 900 долларлық көмір жағу керек екен.

Ол аз десеңіз, әлем елдері дағдарыс күрсауында тұрған кезде Қазақстан энергетикалық дербестік таныта алмайтыны тағы бар. Ендеше, елімізді энергетикалық тәуелділіктен құтқаратын жалқы тәуекел – АЭС.

Өз пікірімді дәлелдей түсу үшін тағы бір мысалға жүгінейін. Мысал емес-ау, түйткіл. Жасыл энергетиканың ең басты жақтасы Франция екені белгілі. Олардың

өзі қазір жел мен күн энергиясы арқылы өндірілетін қуатқа сенімсіздік танытып отыр. Өйткені, кәрі құрлықтың күнгірт аспаны тәуліктің едәуір бөлігінде күн сәулесін бұлтпен көмкеріп, қуат өндіру былай тұрсын, бой жылытар шуаққа сарандық танытады.

...Жасыратыны жоқ, біздің елдегі қуат көздерінің қауқарын соңғы екі жылдағы қытымыр қыс көрсетіп берді. ЖЭО мен ГРЭС-тердің тозу деңгейі 70-75 пайызға кетіп қалғанын көзіміз көріп отыр. Тіпті, озық технологияға икемделіп алған мемлекеттер жылу электр орталықтары үшін аса қажетті қосалқы бөлшектерді өндіруден бас тартқан. Қазір турбина мен қазандық дегендеріңіз Ресейдің үш-ақ зауытында өндіріледі-міс. Сонда біз тозығы жеткен, көмекшінен көмір арылмайтын ЖЭО-ына турбина мен қазандықты қайдан аламыз?

Алаң да, алаң, алаң жұрт

АЭС-тің біраз тиімділігін айттым-ау деймін. Енді күдігіміз жайлы бірер сөз... Бірде осы АЭС құрылысы жөнінде «Ғасыр адамы», қазақтың Ньютон, жуырда ғана өмірден өткен марқұм Темірғали Көкетаев көкеммен пікірлестім. «Нағыз қарсы адам осы кісі шығар» деп ойлағанмын. Мүлде олай болмады. Ол кісі физик маманы ретінде АЭС құрылысын қолдайтын болып шықты. Атом энергиясының тиімділігі жөнінде физиканың небір терминдерімен термелей жөнелгенде, өзім абдырап қалдым. «Салыну керек! Бірақ, кім салады, қай мемлекет салады? Мәселе – осында» деді Ғасыр ғұламасы терең ойға шомып. Мен де ойланып қалдым.

Кейінірек бұл мәселе жайында кең отырып, салмақты сұхбат құруға уағдаласқан едік. Мен: «Еңбек демалысынан шығайын, Аға» дедім, ол кісі: «Мақұл, келістік» деген. Бірақ, Темірғали көкем жарығы жоқ, жылу қажет емес әлемге аттанып кете барды...

Мен «Қазақстанға АЭС салыну керек! Бірақ...» деп күбірлеп қоямын.

Иә, бізге АЭС керек!

P.S. Әлеуметтік желіде жарияланған жазбама ауыр-ауыр пікірлер атылып жатыр. Барлығын түсінемін. Әркім өз пікірін айтуға құқылы. Дегенмен, тура осы АЭС мәселесі хайл-пен емес, байыптен талдауды қажет ететін мәселе екенін естен шығармасақ екен...



Орталық қазандық құрылысы аяқталды

Қылышын сүйретіп, қыс жақындап келеді. Облыс аумағында қысқа дайындық қызу. Саран қаласындағы орталық қазандықтың құрылысы да аяқталды. Биыл аталған жаңа жылу көзі шамамен қаланың 80 пайызын жылумен қамтуы тиіс. Жаңартылған қазандықты іске қосудың бірінші кезеңі облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен өтті.

Аймақ басшысына жылыту маусымына дайындық жұмысы мен ықтимал қауіп-қатердің алдын алу шаралары туралы айтылды.

— Орталық қазандықтың жобасы ұзаққа созылып кетті. Магистральдық желілер 10 жылдан астам уақыт бойы жер астында болды. Бүгінде олардың барлығы техникалық тексеруден өткен. Ақауы бар тұстары табылды. Құбырлар қысқа уақыт



ішінде жаңасына ауыстырылып жатыр. Қазір жұмыс 70% аяқталды. Жергілікті қазандықтар штаттан тыс жағдайда қаланы үздіксіз жылумен қамтамасыз

ету үшін резервте тұрады, — дейді Саран қаласының әкімі Еркін Баулықов.

Жаңа қазандық энергияны үнемдейтін төмен температура-

лы қайнайтын қабат технологиясымен салынған. Бұл көмірдің кез келген түрін пайдалануға және отынды үнемдеуге мүмкіндік береді, тарифке оң әсер етеді. Еліміз бойынша мұндай екі қазандық бар. Екеуі де Қарағанды облысында. Бірі — Шаханда, екіншісі — Саранда.

— Бүгін бірінші қазандықты іске қостық. Автоматикасының, жылу техникасының, энергетика мен химиялық су тазартуының қалай жұмыс істейтінін байқағмыз. Бұл жылу маусымы кезінде қауіп-қатерді болдырмау үшін ауадай қажет. Әзірге толық циклге жете алмаймыз. Өйткені, ауа райы әлі жылы. Ауа температурасы минус 6-8 градусты көрсеткенде орталық тарату пункттеріне жылу беріледі. Сол жерден ол үйлерге таралады. Суды тазарту үшін химреагенттер сатып алдық, енді көмір аламыз, — деді «Сарантеплосервис» ЖШС бас директоры Асылбек Төкенов.

Бүгінде төрт қазандық ор-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

натылған, олардың әрқайсысы сағатына 30 Гкал өндіреді. Әзірге екі қазандық жұмыс істейді. Десе де, оған қарамастан, барлық жабдықты іске қосу және жөндеу жұмыстары мен сынақтары өте береді.

Сонымен қатар, қазандықтың аумағында қалдықтарды тастауға арналған полигон салынды. Экологияны күту, ауаны ластамау жағы да ойластырылған. Сондай-ақ, мұнда зиянды заттарды тұндыратын заманауи газ құбырлары да бар.

Тағы бір айта кетерлігі, жаңа қазандыққа қажетті жұмыс күші де қарастырылған. Атап айтсақ, мұнда ауысым бойынша 70 адам жұмыс істемек.

Саран қаласында орталық қазандықты іске қосумен қатар, бір мезгілде резерв үшін қолда бар 21 жергілікті қазандық дайындалатынын да атап өткен жөн. Оларда дайындықтың толық циклі жүргізілмек. Нақтырақ айтсақ, желілерді жуу, көмір сатып алу және басқа да жұмыстар.

Одан бөлек, тұрғын үй инспекциясының мамандары тұрғындардың үйлеріндегі құбырларды тексеру үшін үйлерді аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Дерекке сүйенсек, биыл орталықтандырылған жылытуға 255 тұрғын үй мен әлеуметтік-мәдени-тұрмыстық нысан қосылады. Пеш жағатын Саранның екі шағын ауданына жылу жергілікті қазандықтардан берілетінін білген жөн. Бұл үйлерге орталықтандырылған жылыту келесі жылы орамшілік және үйшілік коммуникациялар толық орнатылғаннан кейін жіберіледі деп жоспарланып отыр.

Өз тілшімізден

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

Алтын сәуле отбасынан тарайды

Ұлттың жас буынын парасатты етіп тәрбиелеу үшін мемлекет әуелі отбасына назар аударса керек. Істің албазы — осы. Мұны «Отан — отбасынан басталады» деп қазақ бір-ақ ауыз сөзбен қайырган. Қарағанды облысының басшылығы осы бір үлкен миссияны абыроймен атқарып келе жатыр десек, артық айтқанымыз емес. Өңірде жыл сайын дәстүрлі түрде «Мерейлі отбасы» деп аталатын Ұлттық байқау жоғары деңгейде өтіп келеді. Бұл байқау қыркүйектің екінші жексенбісіне белгіленген Отбасы күніне орайластырылған. Биыл да аймақтық деңгейде ұйымдастырылды. «Достық үйіндегі» облыстық кезеңде үміткер отбасылар үздіктер қатарынан табылмаққа бақ сынасты.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың қалалары мен аудандарында іріктеу кезеңі 15 мамыр мен 30 маусым аралығында өтті. Бұл кезеңге 400-ге жуық отбасы қатысыпты. Міне, содан іріктелгендер «Достық үйіндегі» шешуші кезеңге келді. Әр өңірден 2 отбасы облыс орталығындағы ақтық сынға қатысуға лайық деп танылды.

Қатысушыларды іріктеуді отбасы және балалар мәселелерімен айналысатын мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің арасынан құралған құзыретті қазылар алқасы жүргізді.

Облыстық кезеңге қатысушыларды құттықтау үшін облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей келді.

— Бұл Ұлттық байқаудың 10 жылдан астам тарихы бар. Атауының өзі көңілге жылу



ұялатады. Қатысушылардың әрқайсына мемлекет тарапынан алғыс айтамын. Шанырақ көтеріп, бала тәрбиелеп, төңіректеріңізге үлгі, өнеге көрсетіп

жүреіздер. Қариясын құрметтеген дана халықпыз. Сол батагөй қарияның алдынан өткен ұрпақ — еліміздің болашағы. Ұлттық тәрбиемен сусындап өскен бала жаман болмайтыны сөзсіз. Солар барда тұғырымыз биік. Осында келген қарттарымызға зор денсаулық тілеймін. Айрандай ұйып отырған жанұяларыңыз аман болсын. Бала-шағаның қызығын көріңіздер. Ел тізінін ұстар ер, ұлт бесігін тербетер қарақөздерді тәрбиелеп жатқандарыңызға сеніміміз зор! — деді Әлібек Әлденей.

Байқауда үшінші орынды Бұқар жырау ауданынан келген Асқаровтар отбасы қанағат тұтса, екінші орынды Абай ауданынан келген Родиндер отбасы иеленді. Бірінші орынға Осакаров ауданынан келген Олжабековтер отбасы лайық деп танылды. Бас жүлдені Балқаш қаласынан келген Халабаевтар отбасы олжалады. Олар енді «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының республикалық кезеңінде облысымыздың атынан қатысып, өңіріміздің намысын қорғамақ.

Халабаевтар жанұясының анасы Арайлым Халабаева бұл байқауға қатысуды бұрыннан мақсат тұтып жүріпті. Өнерлерін шыңдап, жүйелі түрде дайындаған.

— Осы байқауға алғаш рет қатысып отырмыз. Біз үшін зор мәртебе. Бас жүлде алғанымыз сөзбен айтып жеткізе алмас қуанышқа бөледі. Бізді жеңіске лайықты деп есептеген қазылар алқасына да алғыс. Енді облысымыздың намысын республикалық деңгейде абыроймен қорғап шығу үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. Бұл жеңіс тек басы деп есептейміз. Үлкен жауапкершілікпен тыңғылықты дайындаламыз. Әр отбасына тек жақсылық пен мол ырзық, несібесі келе берсін! — деді.

Байқаудың барлық қатысушыларына фотоальбом түріндегі естелік сыйлықтар мен Алғыс хаттар табыс етілді. Жеңімпаз отбасылар дипломдар мен ақшалай сыйлықтарға ие болды.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



• ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ — ЕЛ МҮДДЕСІ

Ел дамуының жаңа парадигмасы

Мемлекет үшін саяси тұрақтылық пен экономикалық өсім, халық үшін әлеуметтік қолдау мен әл-ауқаттың артуы маңызды. Елдің жан-жақты дамуы үшін өзекті мәселенің барлығын Мемлекет басшысы Жолдауында қамтыды.

Осы жолы да Президентіміз елімізді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан одан әрі дамытуды, ақша-несие саясаты, инвестициялық ахуал және бизнес жүргізуге қажетті жағдайды жақсарту, өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану, инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешу сынды тақырыптарды қаузады. Сонымен қатар, елдің кадрлық әлеуетін арттыруды, ұлт саулығын нығайту үшін кешенді шараларды қабылдау, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғыртуды, экологиялық ахуалды жақсартып, қоршаған ортаны қорғаудың мән-маңызын кеңінен дөріштеу, сондай-ақ, мемлекеттік басқару ісінің тиімділігін барынша арттыру мәселелері де Мемлекет басшысының назарынан тыс қалған жоқ. Қасым-Жомарт Кемелұлы жаңа бастамалар көтерді, жаңа тапсырмалар берді.

— Қазақстан халқы қазір мүлде жаңа саяси жағдайда өмір сүруде. Соңғы 5 жылда ауқымды реформалар жасалды. Еліміздің саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Жұрттың сана-сезімінде бетбұрыс болып жатыр. Халықтың құқықтық мәдениеті артып келеді. Азаматтардың бойында жаңа әдеттер, дағдылар қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Саяси және қоғамдық болмысымыз, менталитетіміз және мәдени қодымыз өзгере бастады. Бір сөзбен айтсақ, Әділетті Қазақстан құрылып жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, халықтың қалауымен жасалуда. Сондықтан біз алған бетімізден қайтпаймыз, бағытымыздан таймаймыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Елдің өндірісі, экономикасы, кәсіпкерлердің мүддесі, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылымды дамыту, мемлекеттік басқару, денсаулық және әлеуметтік мәселелер, экология тақырыптарын бірнеше бағыт бойынша жіктеп, саладағы кемшіліктер мен озық тұстарын атап шықты. Сонымен бірге, жаңа идеялар мен оларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін, мәселенің шешімдерін ұсынды. Әсіресе, денсаулық сақтау және әлеуметтік мәселелерге қатысты нақты жеткізді. Ұлт саулығын нығайту үшін кешенді шараларды қолға алып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту керектігіне тоқталды.

Мемлекеттік органдар өз жұмысын жетілдіру үшін азаматтардың өтініштерін талдауға көбірек назар аударуға тиіс екенін атап өтті. Облыстық мәслихаттың депутаты ретінде халық арасында жиі болып, олардың өтініштері мен мәселелеріне құлақ түру — біздің міндетіміз. Осы орайда Мемлекет басшысының: «... мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың сапасын одан әрі арттыра түсу үшін біріміз адал әрі әділ болуымыз, тек заң аясында әрекет етуіміз, берген уәдесіміз бен ісіміз үшін жауап бере білуіміз керек», — дегенін құптаймын.

Президентіміз: «Мемлекеттік басқару ісінің тиімділігін барынша арттыру керек. Мен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынғалы бес жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде қоғам мен билік құрылымдары арасындағы қарым-қатынас мәдениетін өзгерте алдық. Пікір білдірудің бірқатар тиімді тетігі және түрлі диалог алаңдары пайда болды. Мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен тікелей сөйлесуі қалыпты жағдайға айналды. Бұл тұжырымдама мемлекеттік қызметшілер мінез-құлқының жаңа моделін қалыптастырды. Олар жауапкершілікпен, проактивті, ашық және тиімді жұмыс істей бастады» деп, талқыланып жатқан мәселелердің мән-жайын білмей, тым асыра сілтеуге бейім тұратын популисттердің кейбір бастамаларды өз мүддесіне бұрып әкететінін де ашып айтты. Біз өз жұмысымызда мұндайдан аулақ болуымыз керек. Мемлекет басшысының белгілеген бағдарынан айнымай, ел игілігі үшін еңбек ету бәрінен үстем тұруы тиіс.

Қадиша ОСПАНОВА,
облыстық мәслихаттың
әлеуметтік-мәдени даму және
халықты әлеуметтік қорғау
жөніндегі тұрақты
комиссияның төрағасы



• АЭС – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Атом бейбіт бола алады

Семей полигонынан соң атомды естіген елдің елеңдесіп қалатынын сөгуге келмес. Жарты ғасыр ядролық қарудан әбден зәрезап күй кешкен жұртта бірден басқа реакция болуы да мүмкін емес. Аштықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейтіні секілді, ел аман, жұрт тынышта тартқан зілмар азап та естен шықпайды. Десек те, қазіргі заман ол қоғамнан мүлде баскаша. Есі барлар осыны ескеруі керек. Атом электр стансасы дегенде, «жау жеттілеместен» бұрын оның пайдасы мен зиянын салқын қанмен салмақтап алған абзал. Сол үшін де Қазақстанда атом электр стансасын салу – ел ішінде талқылауда жүргеніне бірер жыл. Осы аралықта жақтаушылар да, даттаушылар да шықты. Әлбетте, кез келген дүниенің екі жағы бар. Сол екі жақтың теңгерімі, яғни, балансы қажет. Сонда залалынан гөрі пайдасы тиері және хак. Негізі, бұл – таза эмоциясыз шешім қабылдауды табандап талап ететін ұлт үшін ұлы маңызды іс. Сондықтан да, Мемлекет басшысы атом электр стансасын салу туралы ұсыныстың оң-солын саралауды халықтың өзіне қалдырды. Халық ой-пікірін ашық білдіруі үшін референдумға шығарылды. Алтыншы қазандағы референдумның мәні де, мақсаты да осында. Ойласып барып, оң шешім қабылдау.



Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Үрей неге билейді?

Атом аты аталғанда, байыбына бармай аттандау – сауаты бардың санасына сыймайтын іс. Алдымен, бәрін бажайлап алған жөн. Құдайға шүкір, ақпараттың ағыны бұл күні жетерлік. Кім игілігін көріп, қай ел қандай пікірде екенін білудің тап бүгін ешбір қиындығы да, күрделілігі де жоқ. Ашық ресурстағы деректер мен мәліметтер түп тұқиянынан беріге дейін емін-еркін жайып салады.

Мәселен, сол деректер дүние жүзінің 32 елі атом электр стансасы арқылы қуат алып отырғанын айтады. Соңғы алпыс жылдағы апаттарды көремін десеңіз де, мархабат. Сарапшылардың да, ғалымдардың да, әлемнің де пікірі – жария. Айғай-сүреңге ермей, түгелін таразылауға халықтың сауаты жетуі тиіс.

Интернет желісіндегі ғалымдардың пайымдарына сүйенсек, атомға сенімсіздік Чернобыль мен Фукусимадан соң белең алған. Әсіресе, посткеңестік елдерде. Чернобыль үрейі кеулеген. Сол себепті де, «Екінші Чернобыль болмай ма?» деген күдік қазір екі қазақтың бірінің көкейінде жатқаны да жасырын емес. Бұл турасында жоғарыда аталды. Қазір заман басқа. Бұдан алпыс жыл бұрынғы құралдар жетілдіріліп, өзгергені тағы анық.

Осы бір күдікті Халықаралық атом энергетикасы және өнеркәсіп ардагерлері одағы төрағасының орынбасары Игорь Куляшовтың «РБМК деп аталатын реактор бүгінде мүлдем пайдаланылмайтын түрі» деген пікірі сейілтуі тиіс. Оның айтуынша, қазір барлық жерде қауіпсіздік деңгейі жоғары, тиімділігі және заманауи технологиялық шешімдерімен ерекшеленетін 3+ буынды инновациялық реакторлар қолданылады екен.

«Қазір болашақта мұндай апаттар мүмкіндігін болдырмайтындай жағдай жасалған конструкциялар әзірленген. Егер су-сылы реакторларына қатысты айтатын болсақ, ол әлемдегі ең қауіпсіз санаттағы құрылғы. Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің мәліметінше, соңғы 5 жылда бізде қауіпсіздік тұрғысынан бірде-бір апатты оқиға тіркелген жоқ», – депті Игорь Куляшов республикалық БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында. Демек, «шегіртекпен қорқып, егін екпейтін» кептен, я көленкеден үркетін кезден кеткенбіз.

Уранның мол қоры Қазақстанға зор мүмкіндік береді

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ дерегінше, компания уран, сирек металдар, атом электр станцияларына арналған ядролық отын импорты мен экспорты бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық операторы. 2009 жылдан бері Қазақстан – табиғи уран өндіруде әлемдік көшбасшы. Енді осы көшбасшы



Сурет ашық деректен

ел атом электр стансасына жүгінуге қатысты таңдау үстінде тұр. Ол таңдауды бұқара жасауы керек.

Тамыз айының соңында Астанада KazAtomExpo халықаралық көрмесі өткені мәлім. Сол көрмеде Қазақстанда атом электр стансасын салу үшін отандық жоғары технология жиналғандарға жария етілген.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-ның хабарлауынша, 2021 жылы «Қазатомөнеркәсіп»

KazAtomExpo халықаралық көрмесіне Қазақстанда атом электр станциясын салу бойынша әлеуетті шетелдік экспоненттер ретінде – «Қытай ұлттық ядролық корпорациясы» (CNNC), «Кореяның су ресурстары және ядролық энергетика корпорациясы» (KHNP), «Électricité de France» (EDF), сондай-ақ ресейлік «Росатом» мемлекеттік корпорациясы қатысқанын атаған жөн. Бұл компаниялардың осы көрме арқылы

Ресей электр энергиясының ірі импорттаушысы болды», – дейді Энергетика министрлігі. Министрлік елімізде 2022 жылдан бері электр энергиясының тапшылығы байқалғанын да атаған. Егер 2022 жылы электр энергиясын өндіру 112,8 млрд киловатт-сағатты құраса, 2023 жылы тиісінше 112,8 млрд киловатт-сағат және 115 млрд киловатт-сағат болған.

Елдің сауда статистикасына сүйенсек, бытыр, яғни, 2023 жылы электр энергиясын импорттау Қазақстанда 5,3 есе өскен. Бұл ретте энергия Қырғызстан (13,5 млрд кВт/сағ) мен Ресейден (4,3 млрд кВт/сағ) импортталған. «Ведомости» басылымы ресейлік энергетиктердің Қазақстанға электр энергиясының экспортын одан әрі ұлғайтуға ниетті екенін хабарлады. Бұл оларға бұрын Еуропа елдеріне жеткізілген көлемді Қазақстанға бағыттауға мүмкіндік берген. Қазір еуропа елдерінің нарығы Ресей үшін жабық екені белгілі.

«Өткен жылы энергияны жеткізуде Қазақстанда рекордтық көрсеткіш болды. Ол

өсіп келеді.Осыдан соң атом электр стансасы туралы ойланбау мүмкін бе?!

Бейбіт атом энергиясы

Әр нәрсенің жағымды-жағымсыз тұсы бары аян. Атомда да тап сондай. Атомның біз білетін ассоциациясы – тек жаппай қырып-жоятын ядролық қару. Біздің көргеніміз, білгеніміз – сол. Содан да, амал жоқ, әуел бетте ойымызға сол қару сап ете қалады. Ал, тілін тапса, бейбіт атомға айнала алады екен. Қуат беретін көз екен. Көз болғанда басқаларға қарағанда қалдықсыз, таза деседі мамандар.

Жалпы, әлемдегі қуат көзінің он пайызын осы атом беріп отырады керек. Бірақ, оның бәрінде күнде жарылыс боп, халық қынадай қырылып жатқан жоқ. Тәуір пайдаланып, тым жақсы тірлік кешіп жатса керек-ті. Оның үстіне өзге елден қуат сұрайтын тәуелділіктен құтқарады. Ел ішіндегі қуатқа тапшылықты жояды. Осы тұрғыдан келгенде кең ойлау қажет бұл істе.

Елдің сауда статистикасына сүйенсек, бытыр, яғни, 2023 жылы электр энергиясын импорттау Қазақстанда 5,3 есе өскен. Бұл ретте энергия Қырғызстан (13,5 млрд кВт/сағ) мен Ресейден (4,3 млрд кВт/сағ) импортталған. «Ведомости» басылымы ресейлік энергетиктердің Қазақстанға электр энергиясының экспортын одан әрі ұлғайтуға ниетті екенін хабарлады. Бұл оларға бұрын Еуропа елдеріне жеткізілген көлемді Қазақстанға бағыттауға мүмкіндік берген. Қазір Еуропа елдерінің нарығы Ресей үшін жабық екені белгілі.

• ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

Кәсіпкерлікті қолдауға басымдық берілді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент палаталарының бірлескен отырысында жарияланған Жолдауын үлкен қызығушылықпен тыңдадық. Өз сөзінде Президент салық саясатына, кәсіпкерлікті қолдауға және мемлекеттік бағдарламаларға қатысты маңызды мәселелерге назар аударды.

Президент елдегі шағын және орта бизнестің ахуалын жақсартуға бағытталған әділ және ашық салық жүйесін құрудың маңыздылығын атап өтті. Атап айтқанда, салықтық әкімшілендіруді жеңілдету, шағын және орта бизнеске түсетін жүктемені азайту қажеттілігіне баса назар аударылды. Маңызды өзгерістердің бірі – салықты уақытында төлемегені үшін кәсіпкерлердің шоттарын бұғаттамау туралы шешім болды. Бұл шаралар кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған. Әсіресе біздің өміріміз үшін маңызды.

Сонымен қатар, Президент бизнесті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті. Жаңа бастамалар аясында кәсіпкерлерге қолжетімді субсидиялар мен жеңілдіктерді кеңейту жоспарлануда,

бұл жаңа және қолданыстағы бизнес нысандарын дамытуға қосымша қолдау көрсетеді. Қарағанды облысының Кәсіпкерлер палатасы осы бастамаларды қолдайды және оларды жүзеге асыруға белсенді жұмыс істеуге дайын.

Біз салықтық рәсімдерді жеңілдету және мемлекеттік қолдауды кеңейту бизнес жүргізу үшін тұрақты әрі қолайлы жағдайлар жасайтынына сенімдіміз, бұл оның өсуі мен тұрақты дамуына ықпал етеді. Біз жаңа бағдарламалар мен бастамаларды жүзеге асыру жұмыстарын жалғастырамыз және кәсіпкерлерді олардың қызметіне әсер етуі мүмкін барлық өзгерістер туралы хабардар етіп отырамыз. Барлық сұрақтар бойынша Қарағанды облысының Кәсіпкерлер палатасына +7 (7212) 50-40-55 нөмірі арқылы хабарласуға болады. Сондай-ақ барлық жаңалықтарды facebook желісіндегі «Бизнес в Караганде и Карагандинской области» тобының парақшасынан және «Бизнес Караганда» телеграмм каналынан таба аласыздар.

Ерниар КҮЛШЕЙІСОВ,
Қарағанды облысы
Кәсіпкерлер палатасының
директоры

Даму жолын нақты атап көрсетті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» тақырыбындағы Қазақстан халқына Жолдауы Қазақстанның алдағы уақыттағы саяси және әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларына арналған. Президент Жолдауда соңғы бес жылда елімізде жүзеге асырылған ауқымды реформаларды атап өтті. Бұл жаңа қоғамдық сананың негізі болды. Ол арқылы елімізде құқықтық мәдениет өсіп, мінез-құлықтың жаңа үлгілері қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығып жатыр. Саяси-әлеуметтік өмірдің жанару процесі басталды. Бұл өз кезегінде ұлттың менталитеті мен мәдени кодын өзгертеді. Мен кейбір аспектілерге жеке тоқталғым келеді.

Ортақ мүддеге жұмылған қауіпсіз қоғамда ғана әлеуметтік және қоғамдық әділеттілік мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Бұл – конфессияаралық және этносаралық өзара әрекеттесу аспектілеріне де қатысты. Аталған тезис Президенттің бұған дейінгі айтқан ойларының жалғасындай.

«Қазақстанда тіл тұрғысынан, діни, этникалық немесе әлеуметтік негізде ешқандай қысым жоқ және болуы да мүмкін емес. Жекелеген істер мен арандаушылықтар, әрине, орын алып жатады. Бірақ кейбір азаматтардың жауапсыздығы мен білместігінен орын алған мұндай жағдайлардың құқық қорғау органдары тарапынан заң бойынша жолы кесіледі және тоқтатылады» деген сөзінде Президент тең құқықтылық ұстанымын және елді сыртқа және көрсетуге тырысып жатқан адамдардың жаман пиғылына қарсы тұруға дайын екенін нық айтты деп есептеймін.

Тең құқықтылық басқа діни, этникалық немесе тілдік топтың артықшылығын білдірмейді. Барлық жағдайда заң үстемдігі болуы керек. Қоғамда құқықтық тәртіп идеологиясы берік орнығуы қажет. Сонымен бірге, Мемлекет басшысы Қазақстанның халықаралық ынтымақтастыққа қолдау көрсетіп, халықаралық экстремизм мен терроризмге қарсы тұруға бейілділігін

білдірді. Жолдауда терроризмнің қаруына айналған экстремизм мен құмар ойындар, нашакорлық, алаяқтық мәселелері, меніңше, жалпы алғанда, өте нақты көрсетілген. Сандық технологиялардың адамдардың күнделікті өміріне кеңінен енуі түрлі алаяқтықтың түрін көбейтеді. Біз мұны қазірдің өзінде көріп отырмыз. Сондықтан, қазір экономика мен қаржы негіздерін білу және негізгі цифрлық дағдыларды меңгеру – ерекше маңызға ие.

Президент Үкіметке қаржылық реттеуші органдармен бірлесіп, мектептер мен жоғары оқу орындарында қаржылық сауаттылық және цифрлық гигиена негіздері бойынша білім беру бағдарламаларын енгізуді тапсырды. Менің ойымша, мұндай бағдарламалар бүгінгі қоғамға ауадай қажет. Бұл ретте Қарағанды облысында осындай жұмыстардың қазірдің өзінде жүргізіліп жатқаны мені қуантады. Мұны ерекше атап өткім келеді.

Дмитрий ПОЛТАРЕНКО,
Қарағанды облысы
Азаматтық альянсының
президенті,
жергілікті діни
бірлестіктер клубының
модераторы,
орыс этномәдени
қоғамының жетекшісі,
облыстық Қоғамдық
Кеңес мүшесі



Ұлт иммунитетінің негізі

Жалпы, тіл – рухани және материалдық құндылығымызды сақтаудың ең басты құралы десек, әрбір ұлт өзінің сан ғасыр бойы дамып келе жатқан ұлттық құндылығын, рухани әлеуетін, бірегей этномәдениетін кастерлеп сақтауға және оны дамыту үшін өскелең ұрпақты өз ана тілінде оқытып, тәрбиелеуі тиіс. Өйткені, ана тілі тек ақпарат алмасу, қарым-қатынас жасау құралы ғана емес, ол – ата-бабадан қалған бай рухани және мәдени құндылық.

Сондықтан да адамды ұлттық мәдени тіінің барлық аспектісінде қалыптастыратын және дамытатын бүкіл әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі оның ана тілінде ғана қамтылған. Ана тілі – ұлттың ұйытқысы. Мәселен, сан ғасыр жинақталып қалыптасқан ұлттық дүниетаным, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, адамгершілік мораль, ақыл-кеңес, тәлім-тәрбие, этномәдени құбылыстың көптеген ерекшелігі ана тілінде айтылған және жазылған мәтінде, халықтың ауызекі шығармасында, атап айтқанда, ертегі, эпос, жыр, аңыз-хикая, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпашта, көркем шығарма және т.б. туындыларда әр қырынан көрініс тапқан. Осы аталған бай мұрамыздың бәрін дерлік өткен ата-бабамыз жасаған, ұзақ уақыт бойы қалыптасқан және дамыған, өзгерген және толықтырылған қасиетті құндылық болып саналады. Дәл осы құндылық біздің рухани дүниемізді, мінез-құлқымызды халық, ұлт ретінде өзгерден оқшаулап тұратын қасиетімізді қалыптастырады. Ұлттың рухани дүниесіндегі жағдайына қарай оның адамдарға, төл табиғатқа, тұрмыс-тіршілікке деген қарым-қатынасы, қоғамдық-әлеуметтік ұстанымы, көзқарасы, философиясы анықталады.

Осылайша, өзгелерге ұқсамайтын рухтың бірегей әлеуеті адамның ана тілі арқылы қалыптасып, пісіп жетіледі. Бұл жөнінде халқымыздың «Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді» деген мақалында жақсы айтылған. Мақалдың ішкі мазмұнына ой жүгіртсек, кез келген адам үшін ана тілінің қадір-қасиеті қаншалықты маңызды екенін бірден түсінесіз.

XIX ғасырда өмір сүрген немістің әйгілі лингвист-ғалымы және философы В.Гумбольт: «Тіл – халық рухы, халық рухы тіл арқылы көрінеді. Ұлттың өзіне тиесілі, ішінен өсіп-өнетін рухы



болады. Тіл – сол рухтың бірегейлігін сыртқа шығаратын, сақтайтын және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін күш», – деп ана тілінің мән-маңызын ғылыми негізде дәлелдеп, айқын белгілеп берді. Тіл арқылы халықтың ертеден келе жатқан рухани байлығын тереңнен ұғынып, кеңінен түсіне аламыз. Осы тұрғыдан алғанда, ана тілі – ұлттың бүкіл рухын, ұлттық болмысын, табиғатын, мәдениетін, басқа да ерекшелігін қамтып тұрған қасиетті құндылық.

Осы айтылған ой көпжылдық зерттеу мен тәжірибенің нәтижесі екені анық және бұл пікірге ешкімнің қарсы дау айта алмайтынын біздің қазіргі жағдайымыз дәлелдеп отыр. Сондықтан да ана тілінің баланың рухани дүниесін қалыптастырып, тәрбиелеудегі табиғатын танытатын жайлы мұндай ой-пікір біз үшін үлкен сабақ болуы тиіс. Ана тіліне деген бүгінгі немқұрайлылық пен құрметтемеудің болашақта ұлтымызға тигізет зардабы зор болуы мүмкін.

Қазір халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен рухани құндылығын қасиет тұтпайтын, ана тілінде айтылған ән-жырдың әуез-мақамына, ұн-ырғаттық иіріміне ішкі жан дүниесімен беріліп елжіремейтін, өз халқы-

«*Әркімнің туған тілі – туған шеше, Оған бала міндетті сан мың есе.*»

Сәбит МҰҚАНОВ

ның музыкалық көркемдік туындысын тыңдай отырып, толқымайтын қазақ баласын көз алдыңызға елестету оңай болып барады. Бұл – үлкен қайғы және бұл үшін орны толмас өкініш. Бұл – кешегі қызыл империяның ұлтсыздандыру саясатының нәтижесі. Ұлтсыздандыру саясаты – қазақ халқын рухани жағынан тұңғыққа батырып, оның болашағын құртатын үрдіс. Мұндай саясаттың бүгінде «жаһандану» терминімен байланысты және тікелей де, жанама да жүзеге асырылуы кеше ғана (30 жылдан сәл артық) бодандықтың қамытын тастап шыққан қазақ секілді халық үшін қауіпті.

Бүгінгі XXI ғасырда ұлттық рухы төмен түсіп, ұлттық құндылығы, иммунитеті әбден әлсіреген халық немесе ұлттың ғана «жаһандану» деген аждаһаның апанында» жұтылып кетуі әбден ықтимал. Біз барлық ұлттық ерекшелік пен құндылықты жойып бара жатқан жалпы адамзаттық жаһандану құбылысына өз ана тіліміз бен төл мәдениетімізді, ұлттық болмыс-бітімімізді нығайтып, дамыту арқылы ғана қарсы тұра аламыз. Мұндай рухани тығырықтан шығудың жолы ұлттық құндылық пен рухани бай мұрамызға ерекше мән беру, қадірлеп-кастерлеу және оларды

жан-жақты пайдалану деп санаймыз, онсыз бәрін жоғалтуымыз бек мүмкін.

Қазақ мемлекеті үшін ең негізгі құндылықтың бірі – ана тіліміз. Себебі, ана тілі материалдық құндылық пен рухани құндылықты қалыптастыруға және дамытуға бейім ерекше қасиетке ие. Бүгінде қазақ халқының тілін, ділін, материалдық дүниесі мен асқақ, өршіл рухын сақтау ең маңызды міндеттің бірі болып отыр. Ұлттың мол қазынасы, рухани байлығы, қадір-қасиеті мен беделі ана тіліне деген көзқараспен өлшенеді. Өйткені, сол ұлттың бүкіл ішкі әлемі, мүмкіндігі, болашағы, барша жетістігі мен ұлттық құндылығы тек ана тілінде ғана көрініс табады. Сондықтан да ана тіліміз – қол жетпес, ең асыл қазынамыз. Ана тіліміз, қазақ тілі – ұлттың тірегі, ең негізгі ұйытқысы.

Бектұрсын КАЛИЕВ
академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті қазақ тіл білімі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

«Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы...»

Тарих беттеріне үңілетін болсақ, «Тілдер туралы» Заң 1989 жылдың 22 қыркүйегінде қабылданды. Дәл осы күн – «Қазақстан халқы тілдері күні» болып жарияланды.

Араға біраз жыл салып, 2017 жылы күзде Үкімет қаулысымен Тілдер күні 5 қыркүйекке ауыстырылды. Бұл өзгеріс те жайдан-жай болмады. 5 қыркүйек – ұлтының тарихы мен тілі, мәдениеті мен әдебиеті үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет, бір шаңырақ астында өзге этнос өкілдері тоңның ішкі бауында, тату-тәтті өмір сүріп келеді. Еліміздегі әрбір ұлтқа Ассамблея жанында тілдерін дамытуға мүмкіндік жасалған. Оннан астам этникалық топтың өз тілдерінде оқытатын мектептері бар және оларды мәдени-рухани қолдау орталықтары жұмыс істейді.

Біз үшін өзекті тақырып – қазіргі кезде тіл мәселесі, оның ішінде, қазақ тілінің даму тенденциялары. Қазақ тілінің жай-күйі Қазақстан Республикасының әрбір азаматын мазалауы тиіс.

Мемлекеттік тілді меңгерту, оның қолданыс аясын кеңейту мәселесін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше қолға алуға тапсырма берген болатын.

Ел Президенті бір сөзінде былай деді: «Қазақстан халқын ұйыстыратын тағы бір символ – мемлекеттік тіл. Қазақ тілі мәңгілік мемлекеттік тіл тұғырында болады. Қазақ тілінің қолданыс аясын арттыра беру – мемлекеттің міндеті. Бұл жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді». Демек, әрбір қазақстандық бұл іске белсене кірісуі керек.

Менің ойымша, ұлттың дамуы мен тәрбиесінің маңызды көрсеткіші – оның тілі. Тіл тек қоғам тарихын жасау ғана емес, сонымен бірге, осы тарихтың белсенді факторы: тек объекті ғана емес, сонымен бірге, тарихтың субъектісі.

Тіл арқылы қоғамды, тұлғаны білу арқылы оның шаруашылық, мәдени өмірі туралы толық мағлұмат алуға болады. Адамзат пен мәдениеттің даму кезеңдері өткен сайын тілдік қауымдастық мүшелерінің дүниетанымды логикалық тұрғыдан жағымды ғана емес, этикалық-адамгершілік, ой-сана жағынан да көрініс бере алады.

Қазіргі кезде интернет-коммуникация қоғамдағы қарым-қатынастағы жаңа құбылыс болып енгеніне біраз уақыт болды. Мемлекеттік тілдің дамуына, соның

ішінде жастар тіліне тигізетін ықпалы зор. Әсіресе, әлеуметтік желілер қазіргі таңда жастар арасындағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда тіл мәдениеті, лингвистиканың өзекті тұстары зерттеліп, зерделеніп жатса да, жалпы тіл мәдениеті мен сөйлеу шеберлігін жетілдіру жолдары, соның ішінде, тіл нормасы әлі де болса, қатаң сақталып отырмағаны анық.

Халел Досмұхамедұлының «Тілге кірген жат сөздер де сіңу үшін, тілге «өзілік» болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Бұйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян береді», – деген пікірін ескерсек, қазіргі жастар тілі, соның ішінде, қазақ жастарының тілі кірме сөздердің әсерінен үлкен өзгеріске ұшырағанын байқаймыз. Себебі, орыс тілінен енген жаргон сөздер мен варваризмдерді қолдану арқылы тіл мәдениеті бұзылды. Жаргондардан бөлек, жастардың әрбір сөзінен орыс тілінің компоненттерін де байқауға болады. Жазба тілдегі өзгерістерге ауызыша тілдің ықпалы зор. Әсіресе ғаламтордағы чат, форум коммуникация тілі жазба тіл формасына жатқанымен, бойына ауызыша тіл элементтерін көбірек сақтаған ерекше гибридіті форма деп санауға болады.

Қазақ тілінің мәселесі тек кірме сөздерде ғана емес. Тіл дамытудағы тәрбие жұмысының негізі – ана тіліне баулу болуы керек.

Тілдік және мәдени дағдыларды дамыту қазіргі мектепте қазақ тілін оқитудың ең маңызды міндеті болып табылады. Оқитудың мақсаты – жаңа білімді меңгеру кезінде оқушылардың өзіндік іс-әрекетін дамыту. Ана тілінің білімін жетілдіруге деген ұмтылыстың ең басты қозғаушы күші – ұлттық тілдің тек зерттеу нысаны ғана емес, мақтанш екенін бірте-бірте ұғындыру. Ана тілін білу, құрметтеу, өз ойынды сауатты түрде жеткізу патриотизмнің ең биік шыңы екенін жастарға түсіндіруіміз керек.

Әдебиет те, мәдениет те өз ана тілімізді құрметтеуден басталады.

Әрбір елін сүйген азаматқа айтарым, қолымызда бар байлықты бағалайық. Қазақ тілі – біздің ең үлкен құндылығымыз. Қазақстанның әрбір азаматы өз ана тілін өзге кірме сөздермен былғамай, сауатты жазып, сөйлесе, бұл да мемлекеттік тілдің дамуына қосқан үлес дер едім.

Аида ҚАЙЫРБЕКОВА
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы

Тіл үшін күрес – ең ұлы күрес

(Соңы. Басы 1-бетте)

Орта ғасырларда және соған дейінгі замандарда қан-қасап қырғыннан жоғалған ұлттар жетерлік. Кейінгіде жер шарының жұрты сәл де болсын, гуманистке айналып, тұтас ұлтқа ашық түрде геноцид жасаудан біршама алшақтады. Бірақ, геноцид басқаша сипат алды. Небір құйтырқы айла тауып, тілдерге соғыс ашуда. Сол соғыста жеңіліс тапқан жұрттар бар. Ал, тіл дегеніңіз – ұлттың өзі емес пе?! Жер шарының тең жартысын өз тілінде сайратқан державалар сайран салуда. Біздіңше, бұл – өте күрделі күрес. Жаһандану дәуіріндегі Қазақстан ана тілін өз тұғырынан түсірмеу үшін аянбауда. Заманның дегенімен қазақ жерінен мекен тапқан халықтар да осы күнде өз ана тілінде емін-еркін сөйлеп, тату-тәтті ғұмыр кешуде. Қазақ осы қамқорлығымен һәм кеңдігімен әлемге сүйкімді болып отыр. Ләйім солай болғай! Тіл үшін күрес қалай жүреді? Соның жарқын үлгісін Арқа жұрты көрсетіп отыр десек, артық айтқанымыз емес. Өңірімізде мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мақсатында берері көп ауқымды жобалар, шаруалар атқарылып жатыр.

Көресіні қала көшелеріндегі жарнамалардың сауатсыз мәтінінен көріп келеміз. Оқып тұрып ішінде қыжыл пайда болатыны жасырын емес. Калька түтілі орфографиялық қателерді қойша өргізетін болыпты кәсіпкерлер. Мұның бәрі мемлекеттік тілдің мәртебесіне

тікелей нұқсан келтіретіні сөзсіз. Осы мәселеге облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма назар аударып, 2020 жылдан бастап «Сауатты жарнама – сауатты кәсіпкер» деп аталатын ауқымды акцияны қолға алды. Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының жанындағы Ресурстық тіл орталығының директоры Бибігүл Дауылбаева акцияның мақсаты мен міндеті хақында айтты. Жобаға нақты осы мекеме жауапты екен.

– Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, сондай-ақ оның қолданыс аясын кеңейту мақсатында көше бойында, сауда орталықтарында, қоғамдық орындарда орналастырылған көрнекі ақпараттар пен жарнамаларға ерекше мән беріп келеміз. Көрнекі ақпараттардың адам санасына әсер ететінін ескерсек, оның тілі де, сауаттылығы да заңнама талаптарына сай рәсімделуі де маңызды екенін түсінуге болады. 6 наурызда жұмыс тобы мұлай жүреді? Соның жарқын үлгісін Арқа жұрты көрсетіп отыр десек, артық айтқанымыз емес. Өңірімізде мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мақсатында берері көп ауқымды жобалар, шаруалар атқарылып жатыр.

Көресіні қала көшелеріндегі жарнамалардың сауатсыз мәтінінен көріп келеміз. Оқып тұрып ішінде қыжыл пайда болатыны жасырын емес. Калька түтілі орфографиялық қателерді қойша өргізетін болыпты кәсіпкерлер. Мұның бәрі мемлекеттік тілдің мәртебесіне



мониторинг жүргізу, сондай-ақ осы заңнама нормаларын түсіндіру, тегін аударма бойынша әдістемелік көмек көрсету, қаланың тілдік келбетін біріздендіру, жарнама мен көрнекі ақпарат мәтіндеріндегі қателерді анықтау, – деді Бибігүл Дауылбаева.

Тіл мәртебесінің сақшысына айналған жұмыс тобына белгілі тіл жанашырлары, журналистер және еріктілер еніпті. Олар қателерді анықтап қана қоймай, көрнекі ақпарат мәтіндерін сауатты жазу және дұрыс аудару бойынша әдістемелік көмек көрсету жұмыстарын да жүргізеді.

Жоба мынадай алгоритмдер бойынша іске асырылып жатыр екен. Біріншісі – «Сауатты жарнама – сауатты кәсіпкер» акциясын

Жоба аясында жұмыс тобының жетекшілері мен 20 еріктілер 5 бағыт бойынша жұмыс атқаруда. Әлеуметтік жобаның мақсаты – Қарағанды қаласында орналасқан мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы ұйымдардың, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің көрнекі ақпараттарының тіл және жарнама туралы заңнама талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу.

ұйымдастыру арқылы шамамен 3000 шағын және орта кәсіпкерлік нысан иелеріне заңнама талаптарын түсіндіру, екіншіден – жоба аясында «Жедел желі» қызметі арқылы ақпарат, хабарландыру, көрнекі ақпарат пен жарнама мәтіндері заңнама талаптарына сәйкес ретке келтіріледі.

Тегін аударма қызметі көрсетіліп, кәсіпкерлермен кері байланыс орнатылады. Үшіншіден – қоғамдық орындарда, қоғамдық көліктерде, БАҚ-та, әлеуметтік желілерде заңнама талаптары баяндалған бейнероликтер, паук-банерлер орналастыру арқылы ақпараттық насихат жұмыс-

стары жүргізіледі.

Жоба аясында 2020 жылы бір ғана Қарағандының өзінде 3000 нысан қамтылыпты. 2021 жылы Қарағанды мен Теміртауды қосқанда 2000 нысанға жұмыс тобы ат басын тіреген. 2022 жылы Қарағанды мен Саранда 3000, 2023 жылы Қарағандының өзінде 3488 нысан қамтылған. Жоба жетекшілерінің сөзінше Қарағандыдағы көрсеткішті биыл үш мыңға жеткізу жоспарда бар.

Арнаы құрылған жедел желінің мамандары жүтінген кәсіпкерлерге мыңнан астам мәтін аударып берген.

Жұмыс тобы Қарағанды қаласы бойынша 1112 кемшілікті анықтаған. Жауапты мамандардың ресми дерегіне сүйенсек, қателердің 70 пайыздан астамы түзетілген.

Ұлттың болмысы, дүниетанымы, салт-дәстүрі, тіпті, мінезі ана тілімен айшықталады. Біздіңше, жаңа ғасырда қазақ баласының дүниетанымы өзгелікінен озық. Себебі, жаңа буын қанға сіңген қасиетінен ажырамай, көптеген диаспора өкілдерімен ынтымақ пен бірлікте өмір сүріп жатыр. Бұл әлбетте, білім мен таным көкжиегін кеңітеді.

• ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

Берекелі болашақтың бағдары

Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауын қазақстандықтар қызу талқылап жатыр. Мемлекет басшысы бұл жолы да тұтас мемлекет пен қоғам үшін маңызды мәселелерге тоқталды. Мұнда жаңа бастамалармен қатар, бұған дейінгі Жолдауларда айтылған мәселелерге, берілген тапсырмалардың орындалуы да сөз болды. Жаңа құжаттың өзегі жайлы облыстық қоғамдық кеңестің мүшесі, Қарағанды облысы әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Айжан Қиясова әңгіме өрбітті.

– Жолдауда идеялар мен жаңа бастамалар айтылды. Қоғам үшін маңызды мәселелер деген талай мәселе қаузалды. Сіз үшін жаңалық болғаны қайсы?

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың барлық бастамалары орынды. Десе де, ерекше атап өткім келетіні – банк жүйесіне қатысты өзгерістер. Мемлекет басшысы басты үш өзгерісті айтты. Онымен толықтай келісемін. Шынымен де, қазіргі таңда нақты секторда жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлерге өте қиын. Оларға қаражат жетіспейді, мәселе шешімін таппай келеді. Сондықтан, Президент банктер мен Үкіметке бірлесіп шешімін іздеуді тапсырды. Себебі, экономикаға қаржы құю қажетті деңгейде емес. Кәсіпкерлермен сөйлесе қалсаңыз, екінші бірі «Қаражат болса, оны алу рәсімі мен пайызы жеңіл болса» деп сұрайды.

Экономиканы қаржымен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етпесек, кәсіпкерлер алдағы уақытта қиын жағдайға тап болуы ықтимал. Екінші жағынан, халықаралық сарапшылар айтқанындай, банктер өте көп пайда табатыны күмәнсіз. Сол пайдаға сәйкесінше төленетін салықты ойластыру керек. Инновациялық жаңалықтар мен технологияларға сәйкес жаңа механизмдерді енгізу үшін банк саласының заңнамаларын өзгертіп, толықтырулар қажет екені анық. Банк жүйесіндегі өзгерістер шағын және орта бизнеске тікелей әсер етеді. Жалпы Президент кәсіпкер-

лерді қолдау туралы үнемі айтады. Кәсіпкерлердің басты мәселесі – жоғарыда айтқанындай, қаржы тапшылығы. Бюрократиялық ережелерді азайтып, сенімді кәсіпкерлерге берілетін кепілсіз несиеге қол жеткізе, жақсы болар еді. Әйтпегенде, жоғары пайызбен кепілсіз несие берілді немесе кепілге қойылған мүлкті банк алып қойған жағдайлар бізде өте көп.

– Жеке инвестициялар тарту үшін салық саясаты тұрақты болуы керектігі айтылды Жолдауда. Президент айтқан өзгерістің мәні неде?

– Салық саласындағы өзгерістер қоғам үшін маңызды. Цифрлық қадағалау, бақылау жүйеге жеңілдік ежелді. Үкімет кәсіпкерлер, қауымдастық өкілдерімен бірлесіп Салық кодексін талқылады. Біз де жергілікті деңгейде кәсіпкерлермен сөйлестік, пікір алмастық. Президент халық үніне құлақ асып, құжатты қабылдау процесін келесі жылға қалдырды. Оған дейін әлі де жан-жақты талдап, пысықтар тұстары бар. Салық қарым-қатынастары – мемлекетіміздің кіріс бюджетінің ең маңызды бөлігі. Сондықтан, асықпай, барлық пікірлерді тыңдап, бірыңғай шешімге келген дұрыс. Мемлекет пен кәсіпкерлердің пікірі бірауыздан шықса, ол заңды халық жақсы қабылдайды. Жеке табыс салығын азаматтардың кірісіне қарай дифференциациялау – көптен күткен өзгеріс. Ол пайдасын тигізеді деп ойлаймын. Салықтық шараларды цифрлық

форматқа ауыстырғаннан кейін бұл жұмыс жақсы деңгейде басталды. Президент бұл істе жазалау тәсілінен бас тартуды ұсынды. «Мәжбүрлеу шараларын қолданбай-ақ, хабарлама жіберу арқылы өндірілетін салық берешегінің жоғары шегін көтеруге болады деп ойлаймын. Ал салық берешегі осы шектен асып кетсе, қарыз сомасы аясында ғана шектеу қойылуға тиіс», – деді Президент. Іске асса, үлкен көмек.

– Иә, әр Жолдауда айтылған тапсырмалардың іске асуын қадағалау қоғам үшін маңызды. Сөзбен емес, іспен көрсетіп, көзін жеткізу керек. Бұл тұрғыда халықтың жалпы Жолдауларға деген көзқарасы туралы не айтасыз?

– Заңгер болғандықтан, Жолдауда айтылған нормативтік-құқықтық актілерге қатысты өзгерістер, барлық бастамалар мен үшін қызықты. Ол әр азаматтың өміріне қатысты болғандықтан, сарапшы ретінде жауапты қараймын. Экономикалық, саяси, қаржылық сауаттылық жоғарылап кетті десек те, кейінгі екі-үш жылда халықтың Жолдауға деген қызығушылығы артқаны байқалады. Оны тұрғындар біздің болашағымыз үшін қажетті, маңызды құжат деп тани бастады. Президенттің әр Жолдауда айтқандары іске асқан сайын халықтың күдігі сейіледі, өзгерістерден үміт күтеді. Түрлі салада жүрген көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың барлығы Жолдауда айтылғандарға құлақ түреді. Сол арқылы мем-

лекеттегі жаңа тенденцияларды біліп, даму бағытымен қатар жүреді.

– Келер жылды Президент «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Осы кезде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалау қажеттігін айтты. Кадр әлеуетін көтеру үшін Сіздің ойынсызша не істеу керек?

– Бүгінгі таңда мемлекетте, қоғамда кадр тапшылығы зор. Оны біріміз біліп, байқап жүрміз. Мамандар жұмысқа құлықсыз, жастар еңбекақысы аз болғандықтан қызықпайды. Бұл жылы колледжде түсетін, орта білім алатын жастарды қолдау керек деп ойлаймын. Жас отбасылар болса, әлеуметтік көмек көрсетіп, түлектерге жұмыс тауып беріп. Сала мамандарды да назардан тыс қалдырмау қажет. Елімізде ашылатын шетелдік университеттердің филиалдарын елемейте болмайды. Жастарға жағдай жасаумен қатар, түсіндіру қажет. «Мына сала болашақта сұраныста болады, мына сала еңбек нарығында қажет емес, я болмаса, мына жұмыста көп ақша табасың» деген сияқты айтылуы тиіс. Біздің қоғамда бір жылдары экономист пен заңгер көбейіп кетті. Қазір соның кері әсерін көріп отырмыз. Елдің дамуына кедергі келтіріп отыр. Жастар қара жұмыстан қашып, бастық болғысы келеді. Еңбек адамдарына қолдау көрсетіп, құрметпен қараса, жоғары еңбекақы болса, жастар келеді.

– Отбасының әлеуметтік мәселелері назардан тыс қалған емес. Отбасы институтын нығайтуға қатысты қабылданған шаралар қаншалықты нәтижелі? Бұл мақсатта тағы не істеуіміз қажет?



– Отбасыларды әлеуметтік қолдау жөнінде Президент барлық Жолдауында айтады. Қазір бюджеттің жартысынан көбі әлеуметтік салаға жұмсалатыны рас. Президент тапсырмасынан кейін балалы отбасыларды қолдау үшін сәби күтіміне өтемақы төлеу мерзімі бір жылдан бір жарым жылға дейін ұзарды. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтарға арнайы төлемдер беріле бастады. «Ұлттық қор – балаларға» жобасы аясында елдегі барлық балаға Ұлттық қордың табысынан қаражат аударылып жатыр, зорлық-зомбылық құрбандарына көмек қолын созу, уақытқа тұрғынжаймен қамту, психологиялық, құқықтық көмек көрсету жолға қойылған. Осы салада жергілікті атқару органдары, волонтерлер, полиция қызметкерлері және басқа да жанашыр жандар бас қосып, еңбек етуде. АМАНАТ партиясы азаматтардың қаржы сауатсыздығын жою бойынша жақсы бастаманы қолға алды. Шынында да, қарыз, несие алып, оны өтей алмай, шырмалып қалған, осының салдарынан отбасы ойрандалғандар

көп. Бұл жағынан мемлекет те көмек берді, қарыздарын жауып берді. Жалпы, Президент қоғамдағы ең өзекті деген, халықтың көкейіндегі мәселелердің барлығын Жолдауына қосқан. Есірткі мәселесінің, қоғамның әлеуметтік кеселдері, әскердегі келеңсіздіктердің сөз болуы қоғам белсендісі ретінде, ана ретінде менің көңіліме жақты. Алдағы уақытта отбасының цифрлық картасы толық көлемде жүзеге асырылады, Президент тапсырған «Әлеуметтік әми-ян» жобасы іске қосылады деп ойлаймын.

– Қазір қазақстандықтар үшін АЭС салу өзекті мәселеге айналып отыр. Бұған қатысты Сіздің ойынсызды білуге бола ма?

– Бүгінгі күні елдегі энергетика инфрақұрылымының тозғанын ескерсек, қуат тапшылығын жоятын жалғыз шешім. Алайда, қоғам өкілі ретінде қауіпсіздік мәселесі маңызды екенін айтқым келеді. Экологиялық, техникалық қауіпсіздік мәселесі, оны қай елдің салатыны, қай елдің

тәжірибесіне сүйенетінімізді ел болып шешуіміз керек. Одан кейін онда жұмыс істейтін ұлттық кадрлар мәселесі маңызды. Мұны қазірден бағдарлауымыз керек. Себебі, бұл біздің тәуелсіздігіміз үшін стратегиялық мәселе.

Ел болашағын ойласақ, энергия қуаты тапшылығын жоюымыз керек. Қазір оны шекаралас елдерден алып отырғандықтан, қарым-қатынасымыз тәуелді болып қала береді. Сондықтан, өзімізде АЭС-тың болғаны жөн. Тек қауіпсіздігіне баса мән беріп, өз мамандарымыздың болғанын қамтамасыз етуіміз керек.

– Бюджет қаражатын тиімді пайдалану Сіздің ойынсызша қалай? Не нәрседен бас тартуымыз қажет?

– Бюджетке ұқыпты қарау – нақты шығындарды ажырату. Білім, медицина, жол салу, ТШК мәселелері халықтың өмірін жақсартуға байланысты шығындар орынды деп санаймын. Онымен байланысты емес шығындарды азайту керек сияқты. Осы шақтағы жағдайымызды шешсек, мұндай қағида дұрыс. Өзіміз де отбасылық бюджетті қарастыруда керек емес шығындарды азайтып, дәл қазіргі таңда маңызды деген салаларға молырақ жұмсаймыз ғой. Бұл жерде мемлекетіміздің қазір жүзеге асырып жатқан стратегиялық үлкен мақсаттары бар екенін ұмытпау керек. Мәселен, елдің энергетика саласын дамыту, жол салу сынды міндеттер бар. Оған қаражат табу керек. Сондай-ақ, қарапайым адамның күнделікті сұраныстары өтелуі керек.

– Өңірмелескеніңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Жансия ОМАРБЕК
«Ortalyq Qazaqstan»

• БРИФИНГ

Экология немқұрайдылықты көтермейді

Республиканың ірі өнеркәсіптік аймағы болғандықтан, Қарағанды облысында бірқатар экологиялық проблемалар бары рас. Оның бірі – ауаның ластануы. Аймақта ауасы ең лас қала – Теміртау. 112 мың тонна зиянды шығарынды тіркелген мұнда. Одан кейін 37 мың тонна газ шығындысы бар Балқаш. Үшінші орында – Қарағанды. Облыс орталығында 18 мың тонна газ шығындысы тіркелген. Бұл деректерді өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс бойынша экология департаментінің басшысы Дархан Исханов айтты.

Жансия ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өзекті проблема – өндірістен

Ол Қарағанды қаласында газдың ластануын жеке сектордың шығарындыларымен байланыстырды. Жеке секторда 25 мыңнан астам үй бар. Бұл бағыттағы басты жұмыс – газдандыру. Бүгінгі таңда 6 мың үй газға қосылған. Ал, Теміртау мен Балқаш қаласының ауа экологиясы сондағы өндіріс орындарына байланысты.

– Теміртау қаласында газдың ластануы «Qatmet» АҚ қызметімен байланысты, – дейді Дархан Ергалиұлы. – Қоршаған ортаға теріс әсерді азайту мақсатында кәсіпорында «Эмиссияны азайту жөніндегі стратегиялық іс-шаралар жоспары» әзірленуде. Шығарындыларды айтарлықтай азайту үшін кәсіпорынды толық газдандыру қажет. Бұл ауаға шығатын шығарындыларды 60 мың тоннаға дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Балқаш қаласында ауаның ластануының негізгі себебі – «Kazakhmys Smelting» ЖШС қызметі. Іс-шаралар жоспарына сәйкес кәсіпорын 2025 жылға қарай шығарындыларды 50%-ға дейін немесе 31 мың тоннаға дейін төмендетуге мүмкіндік беретін күкірт қышқылы цехының екінші желісін салуды көздейді. Бұл қоршаған ортаның экологиясын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді, – деді спикер.

Дархан Исханов күрделі экологиялық проблемалардың бірі ретінде стихиялық полигондардың пайда болуын атады. Олардың саны биыл 420-ға жеткен. Оның 167-сі жойылды. Бұл жалпы көлемнің 40%-ын



Қолпашы жасалған А. Қостанов

құрайды.

Спикер мұндай полигондардың саны жыл сайын азайып келе жатқанын да тілге тиек етті. Мәселен, 2022 жылы 1360 болса, былтыр 745 полигон анықталған. Жергілікті полиция қызметі және жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен бірлесіп рейдтік іс-шаралар жүргізіледі. Биыл жүргізілген 47 рейд нәтижесінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы 53 хаттама толтырылды.

– Сондай-ақ, қатты тұрмыстық қалдықтардың заңсыз полигондары да назар аударатын мәселе. Облыста 168 сынақ полигоны болса, оның 61-і заңдастырылған. Жоға-

рыда аталған барлық мәселелерді шешу облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына және Қарағанды облысының экологиялық проблемаларын кешенді шешудің 2020-2024 жылдарға арналған жол картасына енгізілген, – деп атап өтті Дархан Ергалиұлы.

Эмиссия еселенген жоқ

Облыс бойынша нақты эмиссиялардың азаюы байқалады. Биылғы бірінші жартыжылдықта жалпы шығарындылар 230 мың тоннаны

тонна болған. 6%-ға төмендегенін көреміз. Эмиссияларды төмендету бойынша жұмыстар жалғасуда. Есепті кезеңде қолданыстағы жабдықтар жаңғырту есебінен шығарындылар нормативтері 501 тоннаға төмендетілді. Суды технологиялық қажеттіліктерге қайта пайдалану есебінен төгінділер нормативтері жылына 22 мың текше метрге төмендетілді. Сондай-ақ, кәсіпорынның жол құрылысына сыйымды және аршылған жыныстарды пайдалануы есебінен қалдықтар нормативтері 2,5 млн тоннаға азайды.

Қоршаған ортаға шығарылған эмиссиялар үшін биылғы жарты жылда 9,8 млрд теңге төленді.

Табиғат қорғаудың таптырмас тетігі

Берілген рұқсаттар шеңберінде облыстың ірі кәсіпорындары есепті кезеңде 35 млрд теңгеден астам сомаға табиғат қорғау іс-шараларын орындауды жоспарлады. Оның 2,5 млрд теңгесі игерілді.

– Аталған соманы игеру жылдың соңына жоспарланған. Осы жылға «Kazakhmys Smelting» ЖШС 16,5 млрд теңге, «Qatmet» АҚ 16,5 млрд теңге және 1,3 млрд теңге салды. Жалпы, аймақтағы экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында экология департаменті мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қарағанды облысының экологиялық проблемаларын кешенді шешу бойынша 2020-2024 жылдарға арналған Жол картасын әзірлеп, сол бойынша жұмыс жасап жатыр, – деді спикер.

Құжатқа сәйкес Қарағанды және Теміртау қалаларын газдандыру, «Kazakhmys Smelting» ЖШС Балқаш мыс балқыту зауытында күкірт қышқылы цехының екінші желісін салу, Осакаров ауданының Осакаровка кентіндегі көріз желілері мен тазарту құрылыстарын жүргізу, Абай ауданының Абай қаласындағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны бойынша 50 іс-шара көзделген. 2023 жыл қорытындысы бойынша Жол картасындағы 22 шара орындалды. Биыл жаңартылған жол картасы аясында 4 шара іске асты.

– Жаңа Экологиялық кодекс бойынша ірі кәсіпорындар ластанушы заттардың мониторингін жүргізу үшін автоматтандырылған мониторинг жүйелерін енгізу көзделген. Бүгінгі таңда өңірдегі 12 кәсіпорын аталған жүйені орнатуды жоспарлап отыр. Оның алтауы автоматтандырылған мониторинг жүйесін орнатты. Үш кәсіпорын шығарынды туралы деректерін қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкіне жіберіп отырады. Бұлар – «Карцемент» АҚ, «Kazakhmys

Smelting» ЖШС және «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-нің Саяқ кеніші. Қалғандары жүйені орнату үстінде, – деді ол.

Департамент құзыреті кең

Құзыреті шеңберінде департаментте мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтетін жобалау материалдары қаралады. Бірінші жартыжылдықта 348 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде, жоспарланған қызметке скрининг беру, экологиялық рұқсат беру бойынша сондай-ақ, қоршаған ортаға әсерді бағалау қорытындыларын беру бойынша қызметтер жасалды.

Департамент мамандары тексерістерге де шығады.

– Биыл 42 тексеріс өткізді. Барлық тексерулер нәтижесінде 90 бұзушылық анықталып, оларды жою жөнінде ұсыныс жасалды. Бүгінде оның 73-і орындалды. 16 млн теңгеден астам сомаға 38 әкімшілік айыппұл салынды. Былтырғы жылғы әкімшілік айыппұлдарды қоса алғанда осы кезеңде барлығы 1,5 млрд теңге өндіріп алынды. Сонымен қатар, «Алтай Полиметаллы» ЖШС-нен қалдықтарды тиісті рұқсатсыз шығарғаны үшін 313 млн теңге көлемінде айыппұл өндірілді. Бұдан бөлек, экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін бес кәсіпорынның қызметі тоқтатылды, – деді Дархан Исханов.

Спикер брифинг барысында сәуірде қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық акциясына 10 743 кәсіпорыннан 122 мың адам қатысқанын атап өтті. Олар жұмылдырылған 1400 техниканың көмегімен 51 мың тонна қоқыс пен қалдықтарды тазалады.

– Біз экологиялық мәдениетті арттыра отырып, бірлесіп экологиялық жағдайды жақсарты аламыз. Былайша айтқанда, мен сіздерді тазалықтың қарапайым ережелерін сақтауға шақырамын. Экологиялық жағдайға бей-жай қарамауды сұраймын, – деді спикер.



• ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

Торақ би Досқанұлы

Қазақ шежіресі Орта жүз ішіндегі Арғынды – Мейрамның бес баласынан (Бес Мейрамнан) таратады. Мейрам сопыдан – Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік және Қарқабат анамыздан туған Болатқожаны (Қаракесекті) шығарады.

Қуандықтан – Алтай, Қарпық, Есенқарт, Бөріш-Темеш және Ағыс-Қалқаманды тугызadı. Алтай бабамыз төрт әйел алған дейді аңыз.

Үлкен әйелінен – (бәйбішеден) Алсай, Нұрбай, екінші әйелінен – Өлке, Байдалы, Сайдалы, үшінші әйелінен – Мойын, төртінші әйелі Мұңлықтан – кенжесі Кенжегара туады.

Сондықтан, Алтай бабамыздың қара шаңырағы Кенжегарада қалғанын елдің бәрі мойындайды.

Кенжегара бабамыздың тоқалынан – Жауғаш туады. Ол батыр адам болған, соңында сөз қалған. Осы Жауғаштың шешесі қалмақ қызы болса керек.

Жауғаштан екі ұл – Амалдық, Төңіргүл, Төңіргүлдан – Жұмағұл.

Жұмағұлдан – Айдар, одан екі ұл – Досқан (Бокан), Тоқпан туады. Осы Боканнан – (Досқанның елге көп тараған аты) Торақ, Иман тарайды.

Торақ бабамыз жасынан су төгілмес шешен, от тілді, орақ ауызды көсем болады. Торақ шешеннің айтқан сөздері, бірқақпайлары осы заманға жеткен.

Жас кезінен-ақ, би атанып, елдің көзіне түседі.

Орта жүз Қуандықтың Алтай тармағына жататын Кенжегараның ұрпақтары алдындағы ағалары Алсай, Нұрбай, Өлке, Байдалы, Сайдалы және Мойындарға қарағанда көп өспеген, соның салдарынан еншіге мал алғанымен, жер ала алмай, әр жерде шашырап жүріпті.

Кенжегарадан бері алты ұрпақ, шамамен 1,5 ғасырдай уақыт өтсе де, олар рулық деңгейге жете алмайды.

XIX ғасырдың 20-жылдары Ресей Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару тәртібін енгізгенде үй саны жетпеген кенжегараларды Мойыннан тарайтын інісі Қарекелерге қосып, бір болыс қурады. Сайда саны, құмда ізі жоқ болып пұшайман халде жүрген бауырларының жағдайы Торақты толған



дырып, сол кезде орысша тіл білетін, Омбының кадет корпусын бітірген сауатты тұлға, зангер, Ақмола уезіне қарайтын бірнеше болыстықтың аға үйлестірушісі, жездесі Телғозының Шоңымен ақылдасады.

Сол заманда Ақмола уезінің жер басқармасы қазақ рулары мен ауылдарына көші-қон жолдарын, қыстау-жайлауларын реттеп, құжаттарын заңдастырып беріп жатқан екен. Уезд басшылары бұл жұмысқа заңға жүйрік, қазақ өмірінің білгірі Шоңкеңді қатыстырып отырған.

Дәулетбике елінен шыққан Қарағаш-Нұра Тоқасына жататын атақты Шоң би әкесіне ас беретін болады.

Шоңкеңнің ақылымен Кенжеатаның үлкендері осы асты пайдаланып қалуды ойлайды. Уезден келген орыс чиновниктерінің көзін жеткізу керек, асқа жиналған қалың елді мойындату қажет. Сонда ғана Кенжегара ру санатына кіріп, бөлек жер алып, өтініштерін орындата алады.

Торақ шешен Бітімбайдың Көкшалағын бастап бәйгеге қостырады, балуан әзірлетіп күреске шығарады.

Сол Көкшалақ ат көмбеге бірінші озып келгенде үстіндегі бала Шаңбатыр «Кенжегара! Кенжегара!» деп ұрандаып қиқу салып өтеді. Күресте баландарды да қарсыласын жығып, әруақ асырады. Сөйтіп, алған бәйгелерін сол жерде ел жақсыларына

және келген қонақтарға таратып береді. Орысы да, қазағы да риза болады. Шоң би мен Торақтың ақылдасып істеген осы амалынан кейін аз ғана Кенжегараға есе алу жеңілдейді. Іс жылдам шешіледі. Шоңкең «Орта-сында жүрсең, сіңіп кетесің» деп Қуандықтың шетінен, қыстауына Ақой, Батық, Нарбақ, Шотан, жайлауына Арқалық тауы мен Есен өзенінен жоғары қарай жер кесіп беріп, орналастырған.

Бұл өлке Енең Тоқаларымен, Қареке, Қаракесектермен шектескен. Содан барып, жоғарыда айтқандай, Кенжегара мен Қарекелер бір болысқа кірген.

Қазір бұл жерлер негізінен Шет ауданы аумағында. Есен, Аман өзендерінің бойы бүгінде мемлекеттік жер қорына қарайды. Онда тұрақты ел жоқ, тек киік жайлайды. Жанаарқа, Шет аудандарының жылқысы бағылады.

Бабамыз 1830-1840 жылдары Кенесары ханның отаршыларға қарсы соғысын қолдап, жанынан табылған. Хан кенесіне кірген. Соңына көптеген руластары еріпті. Кене ханның бекінісі Орта жүзде Қуандықтың ортасында, Ақтау тауында Айшырақ деген жерде болған. Сол заманда салынған құрылыстардың орнын 1950-1960 жылдары көрдік. Халық ол жерді кейін «Қорған» деп атап кетті.

Торақ бабамыз 1842 жылы соғыстан алған жарақатынан, небәрі 42

жасында «Хан жолының» бойында, ағайындас темеш елінде көз жұмған.

Жорықтағы батырлардың дәстүрімен қайтыс болған жерінде жерленген.

Кезінде бидің басына кішірек бейіт салынып, құлпытас қойылған. Содан бері өткен 180 жылда бейіт құлап, көктасы көміліп қалған.

Алайда, сол елдің үлкендері кейінгі ұрпағына бидің мазары туралы айтады екен. Шенет көлінің жағасындағы қалың қаудың ортасынан бейіттің орнының табылуы да таңғаларлық.

Астанадан тікелей 25 шақырымдай осы жерге бір үлкен құрылыс салынатын болады. Іргедегі ауыл көшіріледі. Бірақ, халық наразы болып, ата-бабаларының қорымдарын бүлдіргісі келмейді. Әдетте ондай құрылыс салынатын жерлер тексеріледі.

Ауданның азаматтары аңыз боп келген бидің орнын мұқият қарап, іздеп жүріп, сыңған құлпытастың жартысын табады. Терендей қазып, екінші бөлігін алып шығады. Ортасынан бөлінгенімен тас өте сапалы жасалған, араб қарпімен ескі шағатай тілінде жазылған мәтінді тіл мамандарын шақыртып, оқытса, руы, өлген жылы жазылған Торақ бидікі болып шығады.

«Ұрпағынан кім бар?» деп жар салады, телеарна мен баспасөзге шығарады. Өңгіме көп ұзамай Қарағанды

облысындағы Кенжегараларға жетеді. «Жаксының аты өлмейді» дегендей, әкелерінен сан естіген атақты бидің жерленген жері табылғанына қуанған ұрпақтары, биыл көктемнен бастап қаржы жинап, қор құрып, басына ескерткіш орнатты.

Бийіктігі табанынан бастап, 4 метрдей болатын ескерткіш қызыл гранит, қара және ақ мрамордан әдемі өріліп жасалған. Қоршауы бар.

Ақмола облысы, Рахымжан Қошкарбаев атындағы ауылдық округінің басшылары мен мамандары, сол жердегі баба ұрпақтары, Қарағандыда тұратын Мертай, Назыр есімді патриот азаматтар, Целиноград ауданының әкімдігі мен мәслихаты қолдап, облыс орталығы Көкшетауға барып, Торақ бидің жерленген жерін «Киелі жерлер» тізіміне енгізіп, ескерткішті мемлекет қарауына алдыртып, тақташасын қойып үлгеріпті. Міне, даңқты баба әруағына деген ілтипат пен құрмет!

Ескерткіш белгінің ашылу сәтін екі телеарна түсіріп, би туралы материалды үш ауданның газеттері сұрап алды. Ауыл округінің орталығы Қабанбай батыр (бұрынғы Рождественка) ауылының мейрамханасында ас беріліп, Құран бағышталды.

Ас үстінде Рамазан Сәттібаев және Еркебұлан Қайназаров есімді ақандар арнау айтып, аудан және Астанадан келген дәстүрлі әншілер өнер көрсетті. Жиылғандарды аудандық мәслихаттың төрағасы, облыстың салаға жауапты басқармалар басшылары құттықтады. Олардың жоспарында сол манайды түгелдей туристік орын, қасиетті жер жасау идеясы бар екен. Себебі, жанында ерте замандық қорымдар тұр. Бидің жатқан жерінің маңында да адамдар жерленген. Бәлкім олар да ұлт-азаттық соғыстың құрбандары болар.

Келген қонақтар тарапынан аудан және ауыл басшыларына қойылған екі өтініш болды. Бірі – қорымға баратын жолды жөндеп, жеңіл автомобильдер еркін жүре алатын қылу.

Екіншісі – Қабанбай батыр ауылының бұл көшесіне Торақ бидің атын беру. Бидің атын, тіпті, аудан орталығы Ақмол кентінің көшесіне

берсе де, артық болмас еді.

Кететін шығынды Торақ би баның ұрпақтары көтеруге дайын.

Біер сөз – Торақ бидің соңына ерген руластарының тағдыры туралы.

Торақ би 1842 жылы өмірден өтеді. 1847 жылы көктемде Кенесары қолы қырғыз жерінде жеңіліске ұшырап, қоршауды бұзып, қашып шыққандары жан-жаққа тарап кетеді.

Алайда, Сарыарқадан келген сарбаздар бас қосып, «Бұдан былай жеке-жеке ру болып бөлінбейміз, жат елде тек Қуандық Алтаймыз» деп айтуға келіседі. Елге қайтайын десе, отаршылдардың жазасына ұшырайды. Сөйтіп Шымкент, Ташкент, Шардараның маңына жетіп, ел болмаққа бекінеді. Жігіттердің бәрі сол жақтан қыз алып, ұрпақ өрбітеді. (Кене ханның ұйғаруы бойынша ұлы жүзге негізінен отбасын құрмаған сарбаздар аттанған).

Арада 5 ұрпақ ауысқанда олар бірнеше ауыл, жүздеген отбасыға айналады. Көпшілігі Шымкент шаһарының маңында. Қиын-қыстау жылдары кейінде барып қосылғандар болған. Совет заманында колхоз, совхоз құрған.

Өмірден өткендерін «Алтайдың қорымы» деп бөлек қойған.

Елден жырақ кеткен ағайындарын бұл жақтағы Кенжегаралар ұмытпай, қарым-қатынас жасаған. Кейін бұл үрдісті балалары, ұрпақтары жалғастырды.

Соның дәлелі – Торақ би бабамыздың, яғни, өз заманының көшбасшысы, қайраткері, Кенесарының үзеңгілес серігінің асына Түркістан облысынан, Шымкенттен көп адамның келуі, қорға қомалқты қаржы құюы болды.

Ия, «Өлі риза болмай, тірі байымайды» демекші, даңқты бабамыздың әруағы бәрімізді желеп-жебеп жатысн!

Олар аңсаған Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

Ертай ЖӘНІБЕКОВ,
баба ұрпағы
Қарағанды облысы,
Шет ауданы

• ТАҒЫМ

Жақсы адамдар жасайды екен мәңгілік

Әр ата-атаның перзент алдында үш міндеті бар. Біріншісі – болашақ перзентіне жақсы әке һәм ана тандау. Яғни, әр адамның өзіне текті, өнген-өскен жерден сынар іздеуі. Екіншісі – баласына жақсы есім беру. Үшіншісі – жақсы азамат қылып тәрбиелеу. Біздің бүгінгі қалам тартқалы отырған кейіпкеріміз – әкесі мен анасының осы үш міндеттің де дұрыс үдесінен шығуының арқасында есімі мен жарқын бейнесі ел есінде сақталып қалған сұңғыла ғалым, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Қазақстан Республикасының білім беру ісінң Құрметті қызметкері Жақсылық Серікбайұлы ТОЛПАКОВ.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Зымырап бара жатқан өмір-ай десеңші. Жақсылық Серікбайұлының өмірден өткеніне де жылға жуықтады. Оның нұрлы жүзі, жымыысы, асықпай сойлеуінің барлығы да бұл күнде сап-сары сағынысқа айналды. Жан жары Шара апай мен перзенттері, немерелері асыл жар, ардақты әке, ақылшы ата бола білген Жақсылық ағамызды сағынып, еске алады. Алайда, оның мағыналы да өнегелі ғұмыры, соңына қалдырған мол ғылыми мұрасы жанға шипа, көңілге медеу. Ендеше, сол жанкешті еңбекке толы ғалым өміріне көз жіберіп көрейік.

Хакім Абайдың «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеніз. Ондай болмақ қайда деп, айпта ғылым сүйсеңіз» деген өлең жолдары Жақсылық Серікбайұлы туралы айтылғандай. Неге дейсіз ғой? 16 жастағы өрімдей жас жігіттің Қарағандыдағы кооперативтік институтына алғашқылардың бірі болып түсіп, оны 20 жасында үздік бітіріп шығуы бізді қатты таң қалдырды. Яғни, арғы жағында, жүрек түпкірінде жағымға деген шексіз құштарлық жатыр деген сөз. Табиғатынан есепке жүйрік қырағы жас маман, кандидаттығын қорғаймын деп Мәскеуге барғанда ондағылардың төбе шашы тік тұрса керек. Міне, ғылымға деген махаббат. Осылайша, 1976 жылы 26 жасында кандидаттығын аман-есен қорғап келеді. Осы тұста болашағынан үлкен

үміт күттіретін жас ғалымды бірден таныған аға буын өкілдері де аз болмапты. Солардың бірі һәм бірегейі – Қарағанды кооперативтік институтының сол кездегі ректоры, марқұм Павел Котляров.

«Алғашқы қарлығаш» деп отырғанын, Жақсылық – кооперативтік институттың бірінші түлегі, бірінші аспиранты, бірінші қорғап келген ғылым кандидаты. Бұған өте үлкен мән берген Павел Филиппович Жақсылықты қолдап, бітіріп келгеннен кейін оның төлемәкысын, жалақысын, тағы премиясын, қызметке қойған уағында реттеп берді. Жақсылықты әскерге алып кетейін деп жатқанда: «Міне, біздің бірінші түлек, жалғыз ғылым кандидаты жаңадан келген. Мұны әскерге алып кетуге болмайды» деп облыстық әскери комиссариатпен мәселені шешіп, әскери билетін алып беріп, Жақсылықты сол қызметінде қалдырып, өсіп-өнуіне, жағдайына көмектескен адам. Котляровтың Жақсылыққа істеген жақсылығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Яғни, әкелік, басшылық, адамдық қамқорлық, – дейді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жарылқасын Бикенов «Алғашқы қарлығаш» мақаласында.

Сөз басында балаға дұрыс ат қою туралы бекер айтқан жоқпыз. Өйткені, кейіпкерімізге Жақсылық деп атын қоярда, ата-анасы «Өмірі жақсылыққа толы болсын, Жан-жағын жақсы адамдар қоршап жүрсін!» деп жақсы ниет қылғаны сөзсіз. Міне,



сол ниеттің қабыл болғанын, өмірдің Жақсылық ағамызды жақсы адамдармен жолықтырғанын жоғарыдағы мысалдан аңғарған боларсыз...

Тағдыр Жақсылық Серікбайұлына бірде жымынып, кейде сәл түнере қарап қойып жүргенімен, еліміз Тәуелсіздік алар тұста қабағын шынымен шыта түсті. Жақсылық Серікбайұлы ауыр дертке шалдығып, өмірден күдерін үзе бастады. Ал, осы қиын-қыстау кезеңде алдымен барын салып, жанын салып ағамызды емдеткен, жарық күндерден үміт үзбеген жан жары Шара анамыз еді. Сол баяғы пәк махаббатқа, лапылдап, жанып тұрған кездегі сертке адал бола білді. Қасынан бір елі кеткен жоқ, бірде-бір рет ағамызға қабақ шытпады. Жазған еңбектерін жарыққа шығаруға бар күшін салды. «Елдің алдында жарырап жүретін әр азаматтың үйінде бір келіншегі болады» деген сөз қалай дәл тауып айтылған?!

Жоғарыда әр әкенің баласына жақсы ана тандауы туралы айттық. Міне, Жақсылық Серікбайұлын өмір дейтін дауылды теңіздегі батыл тандауы тағы да қуантты. Өзіне адал жар, сенімді серік бола білген аяулы Шара анамыз балаларына да жақсы ана болды. Үнемі бар қиындыққа бірге қасқақ қарсы тұрып, күресе білді.

Үкідей үлбіреген қыздарын өсіріп жеткізді. Осы тұста Жақсылық ағамыздан қамқорлығын аямаған тағы бір асқар таудай тұлғаны атап өткен жөн.

«Жақанның жалғыздықтың жайлауында қалып кетпей, жаңа сапаға көтерілуіне, көп қамқорлық көрсеткен, тағы бір адам – студенттік күндерден досы, қоғам қайраткері, профессор, доктор, ректор Ерқара Балқараұлы Аймағамбетов. Тағдыры тәлкекке түскен үзенгі достың қаяулы көңілін осынша терең түсініп, осынша қолдап отыратын азаматтық қасиет бүгінгідей адамдық сапа ада болып бара жатқан заманда, әй, мыңның ішінен табылмас. Қазақтың «мыннан – тұлпары» бұл жердің бодауына жүрмес. Сөйтіп, Ерекен мен Шара үйде отырған адамды түздің жауынгер тірлігіне қосты. Оның жауынгерлігі жас ұрпақты білімде шыңдап, біліктілікке баулуға танылды. Үйде отырып, студенттерге консультация беріп, ондаған ізденімпаздың курстық, дипломдық жұмыстарына жетекшілік етеді», – депті ақын Абзал Бөкен «Шідеріде шырғулы Қаракер» мақаласында.

Қайсар да жігерлі ғалымның өмір жолына қарап отырсақ, небары 23 жасында Львовтың сауда-экономикалық институтының аспирантурасын ойдағыдай бітіріп, кандидаттық диссертациясын жазып, 1974 жылы Қарағанды кооперативтік институтына оқытушы болып келеді. Ғалымның студенттік өмірі және ғылыми-ұстаздық қызметтері осы білім ордасымен тығыз байланыста болды. Осы қазіргі экономикалық университетте ұстаздық қызметтің барлық сатысынан өткен. Атап айтсақ, ассистент, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, сырттай оқу факультетінің деканы. 1999 жылы ғылыми еңбектерінің негізінде профессор атанды. Яғни, 50 жылдан астам уақытын білім-ғылымға, шәкірт тәрбиелеуге арнады. Шәкірттері бүгінде білікті маман атанып, еліне абыройлы қызмет етуде.

Жақсылық ағамыздың адал ең-

бегі кейіпкерімізді далада қалдырған жоқ. Елге қадірлі, туған-туыс пен дос-жаранға сыйлы етті. Үкімет те ұзақ жылдық еңбегін назардан тыс қалдырмады. Қазақстан Республикасы білім саласының үздігі, «Жыл адамы» сыйлықтарымен және көптеген мерекелік медальдармен марапатталған. 2016 жылы Қарағанды экономикалық университетінің құрылғанына 50 жыл толуына орай, ғылыми-педагогикалық және бірнеше буын шәкірт тәрбиелеудегі ұзақ жылғы ұстаздық еңбегі еленіп, Ахмет Байтұрсынов атындағы алтын медальға ие болды.

– Жақсылық өзінің қажырлы еңбегімен халқына, Отанына деген сүйіспеншілігін дәлелдеді. Тағдырдың дүлей сынақтары сағын сындыра алмады. Оның жүйрік қиялы мен ұшқыр зейінінен туып, елінің олжасына айналған кітаптарын бүгінде Қазақстанның тұтас білім саласы қолданады. Тіпті, шет елдерге де бағдарлы деріс оқып жүрді. Қысқаша айтсақ, Жақсылық Серікбайұлы – қазақ бухгалтерлік есебі ғылымының класигі, – деп тебіренген еді экономика ғылымдарының докторы, профессор Әмір Сембеков бірегей ғалымның 70 жылдық мерейтойында.

Профессор Жақсылық Толпаков тағдырдың жазуымен 1990 жылы ауыр науқасқа шалдығып, 33 жыл бойы арбаға танылса да, ғылымнан қол үзбеген. Бар күш-жігерін бойына жиып, білім-білігін сарқа жұмсап, қазақ бухгалтерлік есебі ғылымын тығырықтан алып шығып, тыңнан сұрлеу салумен қатар, жаңа даму бағытын қалыптастыруда ұшан-теңіз еңбек сіңірген тұлға. Бұл сөзімізге ғалымның қаламынан туып, Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен жарық көрген, бүгінде республикадағы жетекші оқу орындары кеңінен қолданытын әрқайсы екі томнан тұратын «Бухгалтерский учет», «Бухгалтерлік есеп», «Финансовый учет-1» және «Учет и аудит» оқулық кітаптары дәлел. Тағдыр тақымға алса да, ғылымнан бас тартпай, 30-ға тарта

ғылыми еңбек жазыпты. Оның ішінде, 10 шақты оқу-әдістемелік кітаптар мен кітапшалар бар. Жоғарыда аталған еңбектерге еліміздің көрнекті ғалым-экономистері, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі Сағындық Сатыбалдин, экономика ғылымдарының докторлары, профессорлар Қабі Оқаев, Хакім Дюсембаев, Гульнар Каренова жоғары бағалап, оң пікір жазған. Осыдан-ақ, кейіпкеріміздің қай деңгейдегі ғалым екенін пайымдай берініз...

Бұдан бөлек, республикалық «Бюллетень бухгалтер» және «Библиотека бухгалтер» и предпринимателя» сынды ірі журналдардың тұрақты авторы ретінде жүзден астам ғылыми мақала жариялаған.

Ата-анасы Жақсылық деп жақсы есім беріп, жақсылықтан ниет қылды. Ниетін Алла қабыл етті. Манайын жақсы адамдар қоршап жүрді. Жақсы жар кездесті, перзенттері мен немерелері де жақсы адам қылып өсірді. Өмір бойы жақсы қалпынан тайған жоқ. Манайына жақсылықтың нұрын шашты. Шара анамызға жақсы жар болды. Қадірін біліп, ардақ тұтып өтті. Енді оны жақындары мен қалың елі «Жақсы адам еді» деп еске алады. Оның жазған әр еңбегін қолына алып оқыған сайын оның өзімен тілдескендей күй кешеді...

Осылайша, бар саналы ғұмырын ғылымға арнап, адал еңбегімен өмірдің бар сынын жеңген қазақтың бірегей де арда ұлы 2023 жылы 10 қыркүйекте 73 жастан сегіз ай асқанда фәни дүниеден бақилыққа аттанып кете барды. Соңында ұлағатты ұрпағы мен қазақ бухгалтерлік ғылымына сіңірген ұшан-теңіз еңбегі қалды. Өмірі жақсылыққа толы болған Жақсылық Серікбайұлы білім-ғылымның қадірін білетін қара ормандай жұрты барда өлмек емес. Осы жолдарды жазып отырғанда «Жақсы адамдар жасайды екен мәңгілік...» деген өлең жолы тіліме оралып, кетпей қойды...

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Бегазы қорымы қоршалды

Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылдық округіне қарасты Бегазы ауылы аумағында орналасқан қола дәуірінің соңғы кезеңіндегі Бегазы қорымы археологиялық кешенінің қоршаулары ауыстырылып, көрнекіліктері жанартылды. Атқарылған жұмыстарға Мәдениет және ақпарат министрлігі қолдау білдірді. Көне тарих куәгері ауқымды алаңқайды алып жатқан ескі қорымды, ауданның бай тарихи жерлерін халықаралық туризмнің базасына айналдыру көзделіп отыр. Бұл туралы Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов мәлімдеді.



Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Болашақ ұрпақ алдындағы келелі мақсат, арлы міндет болып саналатын тарихи-мәдени мұраларымызды сақтап, келер толқын ұрпаққа жеткізу – тек қана археолог ғалымдардың ғана емес, сонымен қатар, елімізде өмір сүретін барлық санаттағы азаматтардың асыл парызы. Бүгінде қоршалып жатқан Бегазы зираты айрықша орынға ие. Өлкей Марғұланның ашқан жаңалықтарының бірі – Бегазы қорымы алғашқыда тек қана тас кесенелерден тұратын ескерткіш ретінде қабылданады. Қазақстанда белсенді түрде атқарылған ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде күллі Еуразия аумағының көне тарих беттері жаңа жаңалықтармен толықтырылып, әлемге қола дәуірінде Орталық Қазақстан жерінде өркендеп, көршілес аумақтарға ықпал етіп, кеңінен тараған атақты Бегазы-Дәндібай мәдениеті жарыққа шығарылды. Киелі жерімізді сақтауға бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Бұл аталмыш жұмыс мемлекеттік тарихи, мәдени қорық құрудың алғышарты болып табылады, – деді Абылай Аманжолов.

Ақтоғай ауданы

Сурет автордан

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы әріптесіміз, облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің сайт редакторы Нина Викторовна Вербовояға әкесі Виктор Леонтьевич ВЕРБОВОЙДЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

• КИКБОКС

Олжалы оралды

Балқаштық кикбоксшылар Венгрия астанасы Будапештте өткен Әлем чемпионатынан бір алтын, бір қола жүлдемен оралды. 53 мемлекет қатысқан дүбірлі додала 812 спортшы күш сынаған. Жеңіс тұғырына көтерілген жерлесіміз Нұрәли Ғалым жасөспірімдер арасында 81 келі салмақта чемпион атанып, ал, жастар арасында Гаухар Сайлаубек 48 келі салмақта екінші қарсыласына ғана есе жіберіп, үшінші орынға тұрақтады. Жарыс жеңімпаздарын жерлестері мен туған-туысқандары Балқаштың автобекетінен зор қошеметпен қарсы алды.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әжелер шашуын шашып, өнерпаздар қауышу сәтін әнмен әрледі. Құттықтау сөзін арнаған Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ізбасар Шәкенов, Шашубай кентінің әкімі Нариман Манғышев, Балқаш қаласының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Әбіш Балжігітов, «Балқаш» спорт клубының басшысы Амангелді Маканалин айтулы бәсекеде спортшылардың

ел үмігін ақтағанына тоқталып, алдағы дүбірлі додаларда одан да жоғары жетістіктерге жетуіне сәттілік тіледі. Өз кезегінде сайыпқыран спортшылардың аға жаттықтырушысы Дулат Сәметов Балқаш қаласы әкімдігі мен жанкүйерлер тарапынан көрсетіліп келе жатқан қолдауға алғыс білдіріп, еліміз бен облысымыздың абыройын асқақтатуда аянбай еңбек ететіндіктерін жеткізді.

– Біз бұл жарысқа екі жыл дайындық жүргіздік. Әр жарыстағы кеткен кемшіліктерді түзедік. Жарыс алдында бір ай

«Бірлік керуені» көш түзеді

Қарағандылықтар Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысушылардан құралған «Бірлік керуенін» шығарып салды. Тарихи қайраткерлер мен эпос батырларының костюмдерін киген С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театры актерлері, Талғат Бигелдинов атындағы «Жас Ұлан» әскери мектебінің тәрбиеленушілері, ұлттық спорт түрлерінің өкілдері, шығармашылық ұжымдар мен колонершілер шеруге көрік беріп, ұлттық беделдің үлгісін көрсетті.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Алдағы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары осы ойындардың 10 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келді. Бұл

– әртүрлі халықтардың өкілдерін біріктіретін нағыз мәдени-спорттық оқиға. Біздің ұлттық ойындар әлемдік қоғамдастықтың назарын аударып, бүгінде 89 ел қатысқалы отырған ұлы аламан басталамақ. Біздің мемлекет үшін бұл – тәжірибе алмасудың, басқа мәдениеттер туралы көбірек білудің және халықаралық қатынастарды нығайтудың бірегей мүмкіндігі, – деді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей.

Расында, басталғалы тұрған бүкіләлемдік дода елімізде алғаш өткелі жатқаны жағымды жаңалық. Түркі тілдес мемлекеттерге ортақ ұлттық спорт түрлерінен сайыста қазақстандықтар қара үзіп, үлгілі ойын көрсетеді деген үміт зор. Бір қызығы Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылуы кезінде

Қазақстанның барлық облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларынан қасиетті су жеткізіліп, оны тайқанға құяды. Бұл ел бірлігінің, тұтастығының және ынтымақтастықтың нышанына айналады. Біздің облыстағы қасиетті Қарқаралының Егіндібұлақ ауылы маңындағы Дарабұлақтан торсыққа су құйылып, Астанаға жіберілді. Ел аузындағы әпсанаға сүйенсек, бұлақтан Қаздауысты Қазыбек би су ішкен деген аңыз бар.

– Біз ұлы бабамыз Қазыбек

бидің жерінен қасиетті су әкелдік. Ол осы қайнар көзден су ішкен деседі. Бүгін біздің қарағандылық спортшы әрі додаға қатысушымыз Бекзат Ахметбек оны елордаға алып барып, тайқанға құяды, – деді самбодан Қазақ КСР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Диханбай Биткөзов.

Байрақты бәсеге қатысатын 50 қатысушы мен құмай тазы ертіп, қыран қондырған аңшылар қауымын аттылы шеруге Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайрат Кемалов бата берді. Шеруге жиналған қала тұрғындары жан-жақтан сәттілік тілеп, облыс намысын қорғамқақ сап түзеген спортшыларды шығарып салды.

Айта кетейік, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында 21 спорт түрінен 89 ел бақ сынамақ. Сондай-ақ, елордада «Көшпенділер әлемі» этноауылы орналасады. Этноауылда шетелден келген қонақтар қазақ халқының мәдениеті және дәстүрлері хам мәдениетімен танысады. Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізілген.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Кореямен ынтымақтастық орнатты

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті және Конгжу Ұлттық университеті (Оңтүстік Корея) ынтымақтастық келісіміне қол қойды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Екіжақты келісім Сеул қаласында өткен Global Education Innovation Summit 2024 (GEIS) халықаралық саммиті аясында жүзеге асты. Негізгі тақырып – цифрлық трансформация және жасанды интеллекттің қарқынды дамуы жағдайындағы білім мен ғылымдағы өзгерістер. Кездесуде цифрлық теңсіздікті еңсеру, қолжетімділікті қамтамасыз ету, зерттеу жасау мәселесі сөз болды.

– Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек сөзінде қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру технологиялары мен әдістемелерінде ақпараттық инновацияны қолдану маңызды екенін атаған.

Сонымен қатар оқытушылардың мүмкіндіктерін кеңейтетін, цифрлық инфрақұрылымды ұсына отырып, салалық серіктестіктер құрудың маңыздылығын атап өтті. Конгжу Ұлттық университеті



(Оңтүстік Корея) ынтымақтастық туралы келісімде әлемдік көшбасшылардың табысты жобаларын талқылады, – деп атап өтті Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ректоры Сәуле Сағынтаева.

Келісім аясында бірлескен ғылыми-зерттеулер жасап, корей тілін үйрену орталығын құру қарастырылды. «Машина жасау» (бакалавриат, магистратура), «Ақпараттық жүйелер» (магистратура), «Құрылыс» (бакалавриат),

«Өмір қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» (бакалавриат) бағыттары бойынша академиялық алмасулар мен қос дипломдық бағдарламалар бойынша жұмыс жасау да күн тәртібіне қойылды.

Айта кеткен жөн, Конгжу Ұлттық университеті 1948 жылы құрылған және қазіргі уақытта Оңтүстік Кореядағы ұлттық және мемлекеттік университеттердің арасында көлемі бойынша 9-шы орында, Чхунчон-Намдо провинциясында (Оңтүстік Ко-

рея) орналасқан, Гонджу, Чхонан, Есан және Седжон қалаларында кампустары бар.

Конгжу Ұлттық университеті – Оңтүстік Кореядағы жетекші ұлттық зерттеу университеттерінің бірі. 2014 жылғы Халықаралық білім сапасын қамтамасыз ету жүйесімен (IEQAS) сертификатталған.

Сурет Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінен



көлемінде жаттығу орталығында дайындығымызды пысықтадық. Оңай болған жоқ. Қарсыластар тәжірибелі спортшылар. Гаухар бізде жеті жыл. Нұрәли бес жыл жаттығып келеді. Алдағы уақытта Азия, Әлем чемпионатына әзірлік

жасаймыз, – дейді кикбоксстан аға жаттықтырушы Дулат Сәметов.

Сонымен қатар, кикбоксшылар қолдау көрсеткен халыққа алғыс айтты.

– Үш кездесуде қарсыластарымды басымдықпен жеңдім.

Үшінші қарсыласым Польшаның спортшысымен финалда кездесіп, ұпай санымен жеңісті жолды жалғастырдым. Ол – бұған дейін де талай додаларда топ жарып, ысылған спортшы. Тәжірибе мен жаттығу, төгілген тер

жеңіске жетеледі. Балқаш қаласының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне, Балқаш көпсалалы колледжіне, бапкерлеріме, ата-анам алғысым шексіз. Және жарыс барысында оқу-жаттығу жиындарын өткізуге қолдау білдірген Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөліміне рахмет айтамын, – дейді кикбоксшы Нұрәли Ғалым.

Айта кетейік, бұған дейін Италияның Венеция ривьерасындағы Лидо-ди-Езоло курорттық қаласында кикбоксингтен өткен жастар мен жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатынан Гаухар Сайлаубек олжамен оралған болатын. Бұл жолы бір қарсыласына ұпай санымен ұтылған Гаухар кеткен есені қайтаруға әзір екендігін айтты. Келесі жарыста еректер арасында өнер көрсететіндігін тілге тиек етті.

БАЛҚАШ

Сурет автордан



• ТУРНИР

Шахматқа әркімнің-ақ бар таласы

Қарағандыда тамызда өткен Senat Open шахмат турниріне депутаттар, қоғамдық кеңес мүшелері және БАҚ өкілдері қатысты. Жартылай финалдық ойынның қорытындысы бойынша финалда үздік гроссмейстер атағына таласатын 25 шахматшы іріктелді. Астанадағы финалда Қазақстанның түпкір-түпкірінен 2 мың әуесқой ойыншы бас қосып, Қарағанды қалалық мәслихаты кіші кубок иегері атанды.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыда өткен байқауда Абай ауданындағы мәслихат депутаты Бекмұрат Ағзамов жеке номинацияда «Үздік депутат» атағын жеңіп алды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, турнир шахматты өскелең ұрпақ арасында насихаттауға бағытталған. Финалда халық қалаулылары, журналистер, қоғам қайраткерлері, еңбек ардагерлері арасында үздік ойыншылар анықталды. Ұзақ уақыт бойы бұл ойын әдеттегі спорттан асып түсті. Бүгінде шахмат ұлтымыздың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал етеді. Қарағанды облысында 40 мыңға жуық баланы, жастар мен ересектерді біріктірді. Логикалық ойлауды дамытып, өмірде тез және саналы түрде шешім қабылдауға көмектеседі.

Бүгінде шахмат жай спорт түрінен әлдеқайда асып түсті. Балалардың зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға белсенді қатысады. Ал, кубок депутаттардың, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлерінің, қоғам қайраткерлерінің басын қосты. Әр облыста, республикалық

бағыныстағы әрбір қалада және Астанада 20 іріктеу тұрын өткіздік. Шахмат үстелінде қоғам қайраткерлерімен бірігіп, кейбір мәселелерді шешуге мүмкіндік бар, – делі Қазақстан шахмат федерациясының вице-президенті Александр Бабенко.

Жалпы ашық кубоктың іріктеу кезеңдері 15 облыста және Астана, Алматы, Шымкент қалаларында өтті. Әр аймақтан үздік 25 ойыншы аймақтық бөлініс бойынша ұйымдастырылған жартылай финалдарға жолдама алды. Қарағанды облысының жартылай финал жеңімпаздары: Абай

ауданының мәслихат депутаттары – Бекмұрат Ағзамов, Сергей Могила, еңбек ардагерлері – Сергей Игнатьев, Сергей Корабелников, Николай Примаков, Петр Руденко, Жастар кеңесінің мүшесі – Өлібек Нұрмағамбетов Астанада Senat Open шахмат кубогы үшін сайысқа түсті. Жоғарыда атап өткендей, «Үздік депутат» номинациясында Бекмұрат Ағзамов жеңімпаз атанып, Қарағанды қалалық мәслихаты іріктеу кезеңдерінің нәтижесінде шағын кубокты иеленді. Шахмат ойнау – Бекмұрат Ағзамовтың хоббиіне айналған.

Жастайымнан шахматты жақсы көремін. Бұрын облыс, қала, аудандар бойынша жарыстарға қатыстым. Ойын маған талдауға көмектеседі. Соның арқасында мен уақытымды нақты жоспарлап, стратегиялық тұрғыда ойлана аламын. Барлық ата-аналарға балаларды шахматқа беруге кеңес беремін, – дейді шахматшы Бекмұрат Ағзамов.

Айта кеткен жөн, өткен жылы шахматты дамытудың 2027 жылға дейінгі кешенді жоспары қабылданған болатын. Сондай-ақ, шахматты «Дене шынықтыру» пәнінің үлгілік оқу жүйесіне енгізу жоспарлануда.

Үлкен қызығушылыққа орай Senat Open форматындағы турнир жарыстары жыл сайын ұйымдастырылмақ. Қатысушылар құрамы кенеіе түсуі мүмкін.

Сурет
ұйымдастырушылардан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Татами тарланы

Перудің Лима қаласында өткен кадеттер арасындағы дзюдодан Әлем чемпионатында қарағандылық «Жас сұңқар» спорт мектебінің тәрбиеленушісі Санжар Еруланұлы 90 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қарсылас шақ келтірмеді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байрақты бәсекеде 48 елден 400-ге жуық татами шебері тартысқа түсті. Әлемдік рейтингте бесінші орын алған қарағандылық дзюдошы Санжар Еруланұлы турнирдің екінші айналымында татамидегі жарқын сәттерін көрсетті. Ол төрт белдесу өткізіп, олардың әрқайсысында қарсыластарынан басым түсті. Алғашқы қарсыласы Мунгун Учрал Ууганбаярды (Монғолия), одан кейін ширек финалда Гиорги Гелашвилиді (Грузия), ал, жартылай финалда украиналық Аркадий Смаиловты жеңді. Ақтық белдесуде Санжар Еруланұлы украиналық Дмитро Квиноаның қапысын тауып, жауырынын жеріскетті.

Санжардың қайтпас қайсар мінезі мен ұтымды тактикасы біршама елдің спортшыларын қапы қалдырды. Жас болса да, алғыр әрі ширақ қимылдаған шәкіртімнің жеңісі – барша Қазақстанның жеңісі. Бұдан да биік белестерді бағындырады деген сенім мол, – дейді жеңімпаздың бапкері Хасен Сәкеев.

Жасөспірімдер арасында сыңға түскен Санжар Еруланұлының бұл – Әлем чемпионатындағы алғашқы жүлдесі. 17 жастағы Санжар бұған дейін 2024 жылғы маусымда Қазақстан чемпионатын және Азия кубогын жеңіп алған болатын. Сондай-ақ, Еуропа кубогында күміс жүлдегер атанып үлгерген.



Сурет ашық дереккөзден

Арқада айтыс өтті дүбірлеген

Кеншілер мәдениет сарайында AMANAT партиясының қолдауымен, облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен Қарағанды қаласының 90 жылдығы аясында «Ордалы Қарағандым, шежірелі Қарқаралым» атты Қарағанды мен Абай облыстарының ақындары мен дәстүрлі өнер өкілдері арасында республикалық командалық айтыстың алғашқы туры өтті. Арқалық команда жеңіске жетіп, екінші кезеңге жолдама алды. Бұл сын тек ақындар айтысымен ғана шектелмей, қос мекеннің әншілік, жыршылық һәм күйшілік өнері ортаға салынған ерекшелігімен есте қалды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шара шымылдығын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ашты.

Қарағанды – кешегі Қаздауысты Қазыбек бидің, Мәдидің, Қасымның, Жақып Ақбаевтың елі. Бір сөзбен мәдениеттің ордасы деуге толық негіз бар. Сол көне даналықтың көзіндей болған айтысты осы дәуірге жетелеп келе жатқан бірегей жандар ел аузында. Сондай тұлғаның бірі, айтыстың атасы Жүрсін Ерман ағамыз – ортамызда. Айтыс туралы ағамыздан артық ешкім білмесе керек. Қазақтың бірегей өнерінің дамуына жол ашық. Біз де әрқашан айтысқа қолдау білдіруге дайынбыз, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі Арқа жұртшылығы атынан Жүрсін Ерманның иығына шапан жауып, ел ықыласын жеткізді.

Сонымен, айтыстың бас кейіпкерлеріне келер болсақ, додаға түсер әр командада – төрт айтыскер ақын, жыршы, күйші және дәстүрлі әншілерден құралған сегіз адам. Біздің жерлестер бұл сында барын салды. Атап айтсақ, Тілеген Әділов, Айгүл Жұмағұлов, Мақсат Аханов, Дидар Қами, Нұрмұхаммед Байсүгір, Сержан Мұсайын, Дәуренбек Әркен, Мұқан Смағұлов, Мұхтар Әділов және Мағжан Мыңбай облыстың ортақ жетістігі мен дамуын, жер шұрайлылығы мен табиғат әсемдігін тілге тиек етіп, күйге салды.

Арқаның алдаспаны іспеттес болып жарқ етіп сахнаға алғаш шыққан Тілеген Әділов сонау Қазыбек би, Мәди, Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков сынды ерлерді жырына қосып, жиналған жұртшылықтың қошеметіне бөленді. Тілеген Әділовпен айтысқалы шыққан Абай облысының жүйрігі Айбек Жәнісқазин де осал қарсылас болмады. Өз алдына жеке облыс болып бөлініп шығып, ұлы хәкім атын иеленген мекеннен табаны таймас тарландар туатындығын негізге ала отырып, қарсылас қапысында қалмайтынын білдірді. Нағыз сүре айтыстың нақышы дәл осы жыр додасында ашылғандай. Көрермен қауымның қол соғысы мен ыстық ықыласына масаттанған қос ақын ағалы-інілі ізетпен тізгін тежеместей ұзақ тартысты. Алайда, сайыс болған соң бірі басым боларына дау жоқ. Қазылар алқасы шешімімен айтысты бастаған Тілеген Әділовке біріншай 10 ұпай берілсе, Абайдың айбозы Айбек Жәнісқазинге бір қазы 9, қалғаны 10 ұпай берді. Осылайша Тілеген Әділовтің мерейі үстем болды.

Бұдан соң сахна төріне қос елдің қаймағы бұзылмаған жыршылық дәстүрін дәріптеген жырғаулары Мұхтар Әділов пен Қайрат Қабышев шықты. Жыршылар ел бабына күн туғанда «етігімен су кешкен» есіл ерлердің батырлығы мен даналықтары айтылар Бұқар, Шалкиіз, Ақтамберді, Доспамбет сынды ісі қазаққа аты мәшһүр жырғаулардың



жырларын орындады. Орындап қана қоймай, әр жыршы Арқа өңірі мен Абай облысы айтылар жырлардан іріктеп тізіп, жанкүйерлер жанын тебіреніске бөледі. Ал, түре айтыстың түңілігін түріп, Арқа атырабының абыздарын кесек-кесек шумәкпен дәріптеген Нұрмұхаммед Байсүгірдің сөз саптауы көпшілік көңілінен шыққандай. Нұрмұхаммедтің қарсыласы Қуандық Кенжебекұлы да шығыстың шайырлары мен аты мәшһүр атқамінерлеріне тоқталды. Ақындар түре айтыста түрленге салған бабалар есімін қарағандылық күйші Балқан Балғабекұлы қос ішектің күмбірімен, яғни, күмбірлеген күймен іліп әкетті. Ол кешегі Арқаның Аққызының, Құрманғазының күйлерінен зал қауымның жіпсіз байлады десе, артық емес. Айтыстың әзілге толы кезеңі бұл Дидар Қами мен Рүстем Қайыртауұлының қайым айтысы еді. Қос ақын бірінің шумағынан бірі шумақ құрап, астарлы ойды жұртқа әзілмен жеткізді. Ақындардың әр сөйлемі бір мәтел іспеттес. Ұйқасы ұтымды, ойы анық ақындарға

жұртшылық жүрекжарды қошемет білдірді.

Өткір оймен кестеленген кеш сәнін Арқаның қайталанбас күміс көмей әнішісі Сержан Мұсайын кіргізді. Әуелеген дауысын күмбірлеген домбыраға қосып, дүйім жұртты әнге ұйытты. Баяу шығып, бір мезетте сұңқардай саңқылдаған дауыс залға тыныштық орнатып, елді ерекше күйге бөледі.

Өншең «сен тұр, мен атайын» ақындар тақырыпты салаландырып, бірінің келтірген мысалынан бірі ой өрбітіп, «Ордалы Қарағандым, шежірелі Қарқаралым» тақырыбын аша білді. Ал, Мақсат Аханов пен Әсем Ережеқызының қыз бен жігіт айтысы жұртқа ерекше жаққаны бірден байқалды. Мұны тіпті, көрермен қауым мен ұйымдастырушылар да тамсана айтысты.

Айтыс өте жоғары деңгейде өтті. Оны көрерменнің тік тұрып, үздіксіз қол соққанынан байқаған боларсыздар. Жеке басқа тимей, ережені сақтай отырып, қос команда құрамасындағы өнерпаздар бәтуалы, өңегелі, өрісті айтыс

көрсете білді. Әсіресе, Мақсат Аханов пен Әсем Ережеқызының айтысы кешегі Біржан мен Сара айтысының сынығындай әсер қалдыра білді. Өтіп жатқан айтыстың мақсаты – айтыс ақындары мен ұлттық өнер өкілдерінің шығармашылық дамуына жағдай жасау, рухани-мәдени әлеуетін жақсарту, еліміздегі облыстардың арасында шығармашылық байланысты жетілдіру. Халықтың азаматтық ұстанымын, әлеуметтік жауапкершілігін, отансүйгіштік сезімін, адамгершілік қасиеттерін, ұлттық санасын қалыптастыру мақсат болса, соны қатысушылар өз деңгейінде алып шығып, халыққа таныта білді. Бұл дегеніміз айтыс өз миссиясын жоғары деңгейде орындап келеді деген сөз, – деп түйді Жүрсін Ерман.

Расында, «шоқ шайнап, от бүріккен», тілді ақындардың сүбелі ойы мен ұтымды сөз саптасы көрермен қауымды тебіртпей қоймады. Тіпті, жиналған қауым қошеметі төл өнер өрісінің кендігі мен оны дәріптер ұл-қыздардың болашағы барынан хабарлар ет-



кендей. Бұл ойды жоба ұйымдастырушысы Аманжол Әлтай да айтты.

Ауқымды мегажоба жұмысын жыл басында бастады. Еліміздің айтулы 20 өңірінен 20 команда қатысатын болды. Жалпы, айтыс төрт кезеңнен тұрады. Оның ішінде, сүре, түре, қайым және қыз бен жігіт айтысы деп бөлінеді. Жеңімпаздары наурыз айында Ақтау қаласында ақтық сыңға түседі. Тағы баса айтар дүние – бұл айтыстың бес жанр бойынша өтіп жатқандығы. Менінше, ерекшелігі де осында. Мысалы, тек айтысып қана қоймай, дәстүрлі ән айту, жыр, терме және күй өнерінің алыптары сайысқа түскенде ғана бүтін қазақы төл өнер жаңғыру, даму қазанында біте қайнасады. Сондай-ақ, бұл жобада қазылар алқасына да ерекше талаптар қойылатынын, яғни, әрбір жанр бойынша оны бағалай алатын жеке өкілдер болатынын атап өту керек. Мысалы, күйге төрелік айтар Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, күйші Жанғали Жүзбаев, дәстүрлі әншіліктің озығына оң баға берер Қазақстанның Халық әртісі, әнші Рамазан Стамғазиев сынды тұлғалар қазылыққа сайланды, – деді Аманжол Әлтай.

Сондай-ақ, айтыстың алғашқы күні өткен баспасөз конференциясында Қарағанды облысының Мәдени-ойын-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығы құрастырған «Арқа» кітабы таныстырылды. Онда өңір ақындарының өмірбаяны, жетістіктері мен үздік айтыстары жарияланған.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА

Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ

Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ0030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KJZKJZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 185

№ 99 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылмы. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Аяулым СОВЕТ